




БАС ҚАЛАНЫ ГАЗДАНДЫРУ
БАРЫСЫ ҚАЛАЙ?

4-БЕТ | ҚАЛА МЕН САЛА



ІНДЕТПЕН КҮРЕСКЕН
БІР ЖЫЛ

5-БЕТ | ДЕНСАУЛЫҚ



СІЗ КІМСІЗ,
ИЛОН МАСК?

8-БЕТ | ҚОҒАМ

“”

Әбіш КЕКІЛБАЕВ (1939–2015),
КӨРНЕКТИ МЕМЛЕКЕТ ЖӘНЕ ҚОҒАМ
ҚАЙРАТКЕРІ, ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЕҢБЕК ЕРІ:

ТӘУЕЛСІЗДІК – ТӘТТИ СӨЗ ҒАНА
ЕМЕС, ҰЛТТЫҚ ЖАУАПКЕРШІЛІК.
ТӘУЕЛСІЗДІКТИҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ,
ГЕОГРАФИЯЛЫҚ ОПТИМУДА-
РЫНАН АРТЫҚ БОЛМАСА КЕМ
МАҢЫЗҒА ИЕ ЕМЕС АЛҒЫШАРТЫ
– ДЕМОГРАФИЯЛЫҚ ОПТИМУ.
ТӘУЕЛСІЗДІККЕ ЖЕТУ МЕН
ОНЫ ҚОРҒАП ҚАЛУДЫҢ АМАЛЫ
ЕКІ БАСҚА.

ҚАЗАҚСТАН
ТӘУЕЛСІЗДІГІНЕ

30 ЖЫЛ

№28–29 (4153)
Сенбі
13 наурыз
2021 жыл

NurSultan

ASTANA

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ А Қ Ш А М Ы 1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ

ELORDA АППАРАТ



МЕКТЕП ҚАТАРЫ КӨБЕЙЕДІ

Елорда тұрғындары жыл санап көбейіп келеді. Соның бір көрінісін мектептердің құрылысына қарап байқауға болады. Мәселен, биыл Нұр-Сұлтан қаласында 40 мың оқушыны қабылдайтын 16 мектеп пайдалануға берілетін болып отыр. Жаңа мектептердің құрылыс жұмысына мемлекет қаржысымен қатар жеке инвестиция да тартылады.

8

ЖҮРГІНШІЛЕР КӨШЕСІНЕ АЙНАЛАДЫ

Нұр-Сұлтан қаласының Урбанистика орталығында қоғам белсенділерінің, кәсіпкерлердің және шығармашылық өкілдерінің қатысуымен жазғы жаяу жүргіншілер көшесі жобасы талқылаудан өтті.

Туристерді тартудың жаңа орталығы ретінде жоспарланып отырған Әзірбайжан Мәмбетов көшесінде функционалды аумақтарды қалай және қайда орналастыру керектігі талданып, ұсыныстар берілді. Урбанистика орталығы өз кезегінде бұл көшені жаяу жүргіншілер үшін жазғы көшеге айналдыруды жоспарлап отыр. Демалыс күндері көшеде автокөлікпен жүруге тыйым салынады. Мұнда жол бойында фестивальдер, жәрмеңкелер, қойылымдар өткізілетін болады. Сондай-ақ мұнда антиквариат заттар мен гастрономиялық өнімдер сататын, сол сияқты экскурсиялар өткізетін орынға айналдыру ұсынылды.



НАУРЫЗ МЕРЕКЕСІ 10 КҮН ТОЙЛАНАДЫ

Мәдениет және спорт министрлігі Президенттің тапсырмасы аясында «Наурыз мейрамын тойлау тұжырымдамасын бекіту» туралы жоба әзірледі.

Наурыз мейрамын тойлауға байланысты іс-шараларды 10-24 наурыз аралығында 10 күн бойына өткізу жоспарланған.

Дәлірек айтқанда, биылғы Наурыз мейрамы: «Көрісу

күні» – 14 наурыз, «Жайлау күні» – 15 наурыз, «Шежіре күні» – 16 наурыз, «Тарихқа тағзым күні» – 17 наурыз, «Игі істер күні» – 18 наурыз, «Шымырлық пен шеберлік күні» – 19 наурыз, «Зият-

керлік күні» – 20 наурыз, «Ұлттық тағамдар күні» – 21 наурыз, «Ұлыстың ұлы күні» – 22 наурыз, «Жоралғы күні» – 23 наурызда тақырыптық бағдарламада аталып өтіледі.

ЕЛ ТЫНЫСЫ



НАУРЫЗ МЕРЕКЕСІМЕН ҚҰТТЫҚТАДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевты Наурыз мерекесімен Америка Құрама Штаттарының Президенті Джо Байден құттықтады.

«Биыл Қазақстан Республикасы өз Тәуелсіздігінің 30 жылдығын атап өтеді. Сізді осы атаулы оқиғамен құттықтай отырып, АҚШ Президентінің Әкімшілігі өзіңізбен және Қазақстан халқымен етене жұмыс істеуге зор мән беретінін айтқым келеді. Ұзақ жылдар бойы біз ядролық қаруды таратпау, бейбітшілік пен қауіпсіздікті нығайту бағытындағы тығыз серіктесті қолдап келеміз. Менің Әкімшілігім стратегиялық серіктестігімізді тереңдетуге және бұдан 5 жыл бұрын Мемлекеттік хатшы Джон Керридің қатысуымен басталған «С5+1» диалог процесін жалғастыруға мүдделі» деп жазылған жеделхатта.

Джо Байден Қасым-Жомарт Тоқаевқа және Қазақстан халқына бейбітшілік пен құт-береке тіледі.

ТҰРҒЫНДАР ТІЛЕГІ ЖҮЗЕГЕ АСАДЫ

Көктал-1 тұрғын алабының Жұмбақтас көшесінде футбол алаңы, скейт-аумақ, воркаут-аландар салынады. Нұр-Сұлтан қаласының Урбанистика орталығы өкілдерінің жергілікті тұрғындармен өткен кездесулерінен кейін қоғамдық кеңістікті абаттандыру жобасы бекітілді.

«Жобалау алдында елордалық урбанистер сауалнама жүргізіп, қала тұрғындарының тілектерін жинайды. Тұрғындармен кездесулерде командалық дизайн-ойын өткізіледі. Нәтижесінде жаңа қоғамдық кеңістікті ұйымдастырудың эскиздік ұсынысы пайда болады. Жобаны биыл іске асыру жоспарлануда. Аталған аймақ кішкентай балалар ойынына және спорттық ойындарға арналған деп бөлінген.

ӘЛЕМЕТ

БАЙДЫҢ ҚАШҚАН ҚАДІРІН ҚАШАН ҚАЙТАРАМЫЗ?

Егер бай мен кәсіпкердің қадір-құрметі бүкіл қоғамда мойындалса, онда ата-ана ұрпағына «ақша бәрін шешпейді, бірақ ақшасыз ештеңе шешілмейді» деп баласын сауда істеп, адал еңбек етіп бай болуға баулитын «бай әкенің» тәрбиесін береді. «Даудың басы – Дайрабайдың көк сыбыр» демекші, полениң басы – байлықта емес, кедейлікте.

9-БЕТ

ВАЛЮТА
БАҒАМДАРЫ

€ EUR/KZT 501.41 \$ USD/KZT 419.1 ₪ RUB/KZT 5.7 ¥ CNY/KZT 64.58

@NurSultanNewsBot | t.me/elordainfo

www.astana-akshamy.kz

МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫНА ЕСЕП БЕРІЛДІ

Мемлекет басшысы Премьер-министр Асқар Маминді қабылдады.



Ұсынылған мәліметтерге сәйкес соңғы екі айда экономикада тұрақты оң динамика байқалады. Атап айтқанда, өңдеу өнеркәсібі, құрылыс, ауыл шаруашылығы салалары қарқынды дамып келеді. Қызмет көрсету ісі біртіндеп қалпына келе бастады. Ақпарат

пен байланыс саласында оң көрсеткіштерге қол жеткізілді. Азық-түлік өндірісі, жеңіл өнеркәсіп, химия өнеркәсібі, металлургия, оның ішінде, түрлі-түсті металл өндірісі мен машина құрастыру, фармацевтика салаларында тұрақты өсім бар.

Президентке ОПЕК+ Мониторинг комитеті отырысының қорытындылары туралы ақпарат берілді. Аталған жиында Қазақстан үшін мұнай өндірісін тәулігіне 20 мың баррельге дейін арттыру туралы жеке келісім жасалғаны айтылды. Бұл тау-кен секторындағы өндіріс өсімін біртіндеп ұлғайтуға мүмкіндік береді.

Кездесуде елдегі санитарлық-эпидемиологиялық жағдай талқыланды. Премьер-министрдің айтуынша, жағдай бақылауда: республика бойынша вирустың арту көрсеткіші 0,9-де құрайды, жұқпалы ауруханалардағы төсек орын 23 пайызға, жан сақтау бөлімшелеріндегі орындар 16 пайызға толған.

Мемлекет басшысына инвестициялар тартуды, тұрғындарды жұмыспен қамтуды, әлеуметтік маңызы бар тауарлардың бағасын тұрақтандыруды қамтамасыз ету және еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуының басқа да өзекті мәселелері бойынша қабылданып жатқан шаралар туралы мәлімет берілді.

Кездесу соңында Мемлекет басшысы бірқатар тапсырма берді.

Қазақстан Президенті Түркітілдес мемлекеттер ынтымақтастығы кеңесінің Бас хатшысы Бағдат Әміреевті қабылдады.

ТҮРКІТІЛДЕС ЕЛДЕР ҰНТЫМАҚТАСТЫҒЫ ТАЛҚЫЛАНДЫ

Атап айтқанда, Бағдат Әміреев Мемлекет басшысына ұйымның алдағы уақытта өткізетін жоғары деңгейдегі іс-шараларына дайындық барысы, Түркі кеңесінің тиімді халықаралық ұйым ретінде рөлін арттыру жұмыстары, сондай-ақ Кеңес қызметінің экономикалық және инвестициялық салалардағы маңызды бағыттары жайында айтты. Президент Кеңестің

түркітілдес мемлекеттер арасындағы интеграцияны нығайтуға қосқан үлесін жоғары бағалап, оның экономикалық бағыттағы жұмысын күшейте түсуге мән берді. Осы ретте Мемлекет басшысы Түркі инвестициялық қорын құрудың маңызды мүше елдердің шағын және орта бизнес өкілдері арасындағы ықпалдылықты дамытуға септігін тигізеді.

МҮГЕДЕКТЕРГЕ АРНАЛҒАН АТЛАС

Мүгедектігі бар адамдарды жұмысқа орналастыру процесіне жәрдемдесу мақсатында «Қазақстан Республикасында мүгедектігі бар адамдарға ұсынылатын кәсіптер мен мамандықтардың атласы» әзірленді.

Атлас халықты жұмыспен қамту орталықтарының қызметкерлері, мүгедектігі бар адамдар мен олардың ресми өкілдерінің пайдалануына, сондай-ақ Электронды еңбек биржасында жұмыс іздеуді жетілдіруге арналған. Бүгінгі таңда Қазақстанда 695 мыңнан астам мүгедектігі бар адам тұрады, оның ішінде 419,8 мыңы – еңбекке қабілетті жаста (60%). Олардың 106 мыңнан астамы жұмыс істейді. І топтағы мүгедектігі бар адамдардың және еңбекке қабілеттілігін айырылу көрсеткіштері бар мүгедектігі бар адамдардың 60-100% жағдайларда жұмысқа орналасу мүмкіндігі өте төмен, сондай-ақ

көріну дәрежесі бойынша ең ауыр аурулары болатынын атап өткен маңызды. Қазақстан бойынша 230 мыңға жуық мүгедектігі бар адам организм функцияларының айқын бұзылуына, арнайы еңбек жағдайларын жасау қажеттілігіне немесе кәсіптік қызметтің кез келген түрін орындау үшін толық қарсы көрсетілімнің болуына байланысты жұмысқа орналастыру мәселесінде қиындыққа тап болады. Сондықтан бұл атлас мүгедектігі бар адамдар үшін ұсынылатын мамандықтардың атласы ерекше қажеттіліктері бар адамдардың экономикалық белсенділігі үшін мүмкіндіктер жасау мақсатында әзірленді.



ӘЛЕУМЕТТІК ТҰРҒЫН ҮЙ САНЫ АРТАДЫ

Нұр-Сұлтан қаласының әкімі Алтай Көлгінов Instagram парақшасында биыл салынатын әлеуметтік тұрғын үйлер мен нысандар жайлы мәлімдеді.

– Былтыр құрылыс қарқынды сақтап қана қоймай, айтарлықтай ұлғайттық. Биыл әлеуметтік тұрғын үйлер мен әлеуметтік нысандар салудан рекорд орнатпақпыз. Құрылыс жұмыстары елорданың барлық аудандарында полиорталық қағидасы бойынша жүргізіліп жатыр. Тұрғындарға қажет нысандардың барлығы жақын қашықтықта орналасады, – дейді ол.

Сонымен бірге елорда басшысы қаланы аралау кезінде Алматы ауданындағы жеңілдікпен берілетін тұрғын үй және мектеп құрылысы барысымен танысты.

– Қаланы жиі аралаймын. Сонда ғана құрылысшылар құрылыс қарқынды бәсеңдетпей, сапалы жұмыс істейді, ал біз жағдайды тек қағаз бетінде емес,

құрылыс нысандарында болып жатқан нақты бейнені көреміз. Жұмысқа немқұрайлы қарайтын құрылыс компанияларының қызметінен бас тартамыз. Құрылыс жұмыстары аяқталғаннан кейін аумақтарды абаттандыру мен көгалдандыруға назар аудару қажет, – дейді А.Көлгінов.

Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша бас шаһарда әлеуметтік қолжетімді тұрғын үй саны жоспарлы түрде ұлғайып келеді. Мәселен, 2018 жылы елордада жеңілдікпен берілетін 1100 пәтер салынса, 2019 жылы – 2900, ал былтыр 7 мыңнан аса әлеуметтік пәтер салынды. Биыл осы көрсеткішті 10 мың пәтерге дейін ұлғайту жоспарланып отыр. Бұл – рекордтық көрсеткіш.

ЕЛБАСЫ МЕДАЛІ ТАПСЫРЫЛДЫ

Нұр-Сұлтан қаласының Білім басқармасы, «Астана дарыны» дарындылықты дамыту және психологиялық сүйемелдеу орталығының ұйымдастыруымен кеше әл-Фараби атындағы Оқушылар сарайында «Елбасы медалі» бағдарламасының жеңімпаздарын марапаттау рәсімі өтті.

«Ел үміті» бастамасын іске асыру аясында Тұңғыш Президент қоры мен «Елбасы академиясы» корпоративтік қоры 2020 жылдың шілдесінде балалар мен жастарға арналған «Елбасы медалі» жаңа жобасын іске қосқан еді. «Елбасы медалі» белгісінің ерекшелігі үш деңгейден тұрады – қола, күміс және алтын. Нұр-Сұлтан қаласындағы эпидемиологиялық жағдайға байланысты марапаттау рәсімі екі кезеңде өтті.

«Елбасы медалі» – жастарды кешенді дамытуға бағытталған ұлттық деңгейдегі

жалғыз бағдарлама. Ол 7 негізгі бағыттан тұрады: спорт, таланттар мен дағдылар, кітап оқу, ұлттық мұра, волонтерлік, экспедициялар мен жорықтар, еңбек практикасы. Бағдарламаға 14-29 жас аралығындағы жас қазақстандықтар қатысты.

2020 жылдың 14 желтоқсанында Тәуелсіздік күні қарсаңында елордалық алғашқы 14 оқушы қола медаль иегерлері атанса, Наурыз мерекесі қарсаңында «Елбасы медалі» бағдарламасының тағы 31 жеңімпазы қола медальмен марапатталды.



ҚЫЛМЫСТЫҚ ТОП ҚҰРЫҚТАЛДЫ

Ұлттық қауіпсіздік комитеті Ішкі істер министрлігімен бірлесіп Нұр-Сұлтан, Алматы, Павлодар және Семей қалаларында, ауыр және аса ауыр қылмыстар жасауға қатысы бар ұйымдасқан қылмыстық топтың жолын кесу бойынша ірі ауқымды арнайы операция жүргізді.

Ұсталған топтың 16 қатысушысына адам ұрлау, бопсалау, кісі өлтіруге оқталу, Шығыс Қазақстан облысындағы кәсіпорындардың бірінен құрамында алтын бар шикізатты ұрлау және оның ҚР шегінен тыс контрабандасы, сондай-ақ трансұлттық қылмыстық топ құру және оған басшылық жасау айыптары тағылып отыр. Қылмыстық топ-

тың құрамына құқық қорғау органдарының әрекеті және бұрынғы қызметкерлері кірген. Ұстау барысында қаскүнемдерден олардың жасаған қылмыстарын растайтын ірі сомадағы ақшалай қаражат, материалдық құндылықтар, байланыс құралдары және өзге де заттар табылып, алынды. Жездел-тергеу іс-шаралары жалғасуда.

«СЕРГЕКТІҢ» СЕРПІНІ КҮШТІ

Елордалық мәслихат депутаттары «Нұр-Сұлтан қаласында фотобейне тіркеу және бейне аналитика аппараттық-бағдарламалық кешенін құру және пайдалану» жобасы мен «Сергек» интеллектуалды бейнебақылау, талдау және болжау жүйесімен танысты.

– «Сергек» көмегімен жолдағы қауіпсіздік қатаң бақылауда. Жоба қаншама жол апатын, талай қылмыстарды болдырмау мақсатында тиімділігін көрсетіп келеді. 2020 жылдың қорытындысы бойынша, 2019 жылмен салыстырғанда жол-көлік оқиғалары 18 пайызға төмендеді, жол-көлік оқиғалары салдарынан жарақат алудың 25 пайызға (694-тен 521-ге дейін), жолда қайтыс болу оқиғалары 14 пайызға (36-дан 31-ге дейін) және қылмыстың азаюы байқалды. Алдағы

уақытта 3000 камераны біріктіру жоспарланған. Жоба жекеменшік-мемлекеттік серіктестік аясында 2023 жылдың соңына дейін жалғасады, – деді Ерлан Каналимов.

Бүгінгі таңда жүйе Нұр-Сұлтан, Өскемен, Атырау және Алматы қалаларында сәтті жұмыс істеуде. Елордада 4000 жалпы бейнебақылау камерасы, қиылыстарда 400 «Сергек» аппараттық-бағдарламалық кешені және желілік учаскелерде 300 камера орнатылып қосылған.

ЗАМАНАУИ БЕКЕТТЕР ОРНАТЫЛАДЫ

Үкімет сағатында Ішкі істер министрі Ерлан Тұрғымбаев Әкімшілік полиция комитетіндегі қайта құру жұмыстары туралы айтты.

Осы орайда ол комитет күзет қызметі бағытында күзет әрі қадағалау функциясынан босатылғанын атап өтті. Негізгі жұмыс құқық бұзушылықтың алдын алуға, қоғамдық тәртіпті қорғауға және жолдағы қауіпсіздікті қамтамасыз етуге бағытталды. Сонымен қатар полицияның қоғамдық орындарда тұрақты болуы қадамдары іске асырылып жатыр. «Дамыған

елдер тәжірибесі бойынша (Жапония, Оңтүстік Корея, Сингапур) заманауи модульдік полиция бекеттері орнатылып жатыр. Ол жерде қызметті атқару мен азаматтарды қабылдау үшін қажетті жағдай жасалған. Қазіргі кезде өңірлерде осындай 50 бекет жұмыс істеп тұр» деді Е.Тұрғымбаев. Осы орайда ол тағы да 170 бекетті орнату жоспарланып отырғанын айтты.

ӘЛЕМ АСТАНАЛАРЫ



ТОКИО

Жапония билігі Токио қаласындағы жазғы Олимпиада ойындарын шетелдік көрерменсіз өткізу туралы шешім қабылдады.

Енді Токиода биылғы жазда өтетін Олимпиада және Паралимпиада ойындарына шет мемлекеттерден көрермен кіргізілмейді. Жапония билігі бұл шешімді коронавирустың таралу қаупіне байланысты қабылдап отыр. Айта кетейік, Токиода жазғы Олимпиада ойындары 23 шілде мен 8 тамыз аралығында, ал Паралимпиада ойындары 24 тамыз бен 5 қыркүйек аралығында өтеді.



БЕРЛИН

Германия астанасы ресейлік туристердің оралуын асыға күтуде. Себебі ресейлік туристер неміс туризміне жыл сайын 2 миллиард еуродан астам пайда әкеледі екен. Алайда пандемияға байланысты Еуропалық одақ шекаралары уақытша жабылып, Ресей азаматтары айлап Германияға кіре алмады. Туристердің келуіне тағы бір себеп - жыл сайын наурыз айының басында Берлинде әлемдегі ең ірі халықаралық ГИВ туристік жәрмеңкесі өтеді. Бұл жолы коронавирустық пандемияға байланысты жәрмеңке онлайн өткізілмек.



ЕКПЕ ЖАЙЫН ТҮСІНДІРЕДІ

Елорданың мемлекеттік органдарына КВИ-ға қарсы ерікті түрде вакцинациялау бойынша халық арасында кең ауқымды түсіндіру жұмыстарын жүргізу тапсырылды. Бұл туралы Нұр-Сұлтан қаласы әкімінің орынбасары Бақтияр Мәкеннің төрағалығымен коронавирус инфекциясының пайда болуы мен таралуына жол бермеу жөніндегі комиссияның отырысында айтылды.

Кеңес барысында елордада коронавирустық инфекцияның таралуына жол бермеу, КВИ-ге қарсы вакцинация, сондай-ақ жоспардан тыс тексерулер жүргізу мәселелері талқыланды. Елорданың бас мемлекеттік санитарлық дәрігері Сархат Бейсенованың айтуынша, қалада коронавирустық инфекцияның тіркелген жағдайларының саны күніне

70-тен 143-ке дейінгі аралықты құрайды. Соңғы аптадағы сырқаттанушылық деңгейі алдыңғы аптамен салыстырғанда 9,9%-ға жоғары.

«Коронавирус инфекциясын тіркеудің негізгі себептері тұрғындардың карантиндік шараларды сақтамауы болып саналады, яғни адам көп жиналатын орындарға бару, бетперде тақтау, пациент-

термен жақын байланыста болған адамдардың үй карантині режимін сақтамауы» деп түсіндірді елорданың санитарлық дәрігері.

Оқу жылының басынан бастап Нұр-Сұлтан қаласы бойынша барлығы 89 мектеп карантинге жабылды. Бүгінде 22 мектепте карантин жалғасып жатыр. Қазіргі уақытта қалада күніне 12 955 зерттеу қуаты бар 24 зертхана жұмыс істейді.

Онда тәулігіне орташа есеппен 3500-ден 6000-ға дейін зерттеу жүргізіледі. 1 қаңтардан бастап санитарлық-эпидемиологиялық бақылау басқармасына барлығы 287 шұғыл хабарлама келіп түсті, олардың негізінде 280 жоспардан тыс тексеру жүргізілді, 60,5 млн теңгеден астам сомаға 261 жеке және заңды тұлға әкімшілік жауапкершілікке тартылды.

ТҰҒЫРДА – ТЕННИС ТАРЛАНДАРЫ



Елордадағы «Дәулет» спорт комбинатында теннистен Қазақстан қысқы чемпионаты мәреге жетті. Шымкент теннис мектебінің тәрбиеленушісі Достанбек Ташбулатов пен Аружан Сағандықова Қазақстан чемпионы атағын жеңіп алды.

Қазақстан теннис федерациясы мәлім еткеніндей, бір аптаға созылған додаға еліміздің өңірлерінен 100-ден астам спортшы қатысып, бақ сынады. Ерлер арасында жеке кейін Достанбек Ташбулатов Қазақстан чемпионы атағын жеңіп алды. Күміс медаль Григорий Ломакинге, Ерасыл Ерділда қола жүлдесін иемденді.

Ал әйелдер арасында финалда 16 жастағы Аружан Сағандықова абсолютті чемпион атанса, екінші орынға Гозаль Айнитдинова шықты. Қола жүлде Жәніл Рүстмоваға бұйырды.

Жеңімпаздарды елорда әкімінің орынбасары Бақтияр Мәкен құттықтап, жүлделерін табыстады. Жеке кейін сын жеңімпаздары 5 мың, күміс жүлдегерлер 3 мың, үшінші орын иеленгендер 2 мың АҚШ доллары көлемінде грантқа қол жеткізді.

ҚАЛАМГЕРЛЕР АЛЛЕЯСЫНА НЕ ЖЕТПЕЙДІ?

Елордадағы Абай көшесінде орналасқан Қаламгерлер аллеясы «Егемен Қазақстан» газеті көшесіне дейін созылып жатыр. Аллея аумағы 1,2 гектарды қамтиды. Оның 5,7 мың шаршы метріне тас төселіп, 4,2 мың шаршы метрі абаттандырылған. Сонымен бірге 50 шырша егіліп, 428 жарықшам орнатылған. Аллеяға Абай атамның сөзі жазылған мәрмәрден жасалған кітап қойылған. Бірақ әп-әдемі саябақтың бір әттеген-айы жоқ емес... Айтайын дегенім, саябақта сейіл құрған жұрт дәретхана іздеп тентіреп кетеді. Ер-азаматтар сол маңдағы талдар мен қоршауларды төңіректен бүлдіріп жатса, әйел адамдарға тіпті қиын-ақ...

naima.kz.2012@bk.ru

Наима НУРАЛЫҚЫЗЫ

«Мен бұл саябаққа жақын тұратындықтан, балаларымды ойнатуға жиі келемін. Саябақта серуендегенді ұнатамыз. Десе де, бұл маңда дәретхана көрінбейді. Бізге қиын емес, жақын тұрамыз. Ал басқалар балаларын амалсыздан ағаштардың арасына апаруға мәжбүр болады. Қыста блінбеген еді, енді көктем келіп күн жылынғанда күлмісі иіске шыдап бағу қиын болар. Сонымен қатар кешке қарай жастар да осында жиналады. Ең сорақысы, кейде үлкен дәретке отырып кетеді. Мәселенің шешімі тезірек табылса екен» дейді Айнаш Әбілова есімді қала тұрғыны.

Қазақстан Жазушылар одағы басқармасының төрағасы, көрнекті ақын Ұлықбек

Есдәулет 2019 жылы аллеяның ашылу салтанатында: «Саябақтың Абай атамның көшесінің бойында орналасуы да тегін емес. Бұл көшенің бойындағы Қаламгерлер аллеясында келе жатқан ақынның шабыты тасып, көмейінен өлең төгілері хақ. Аллея Нұр-Сұлтан қаласына нұр қосып, тұрғындардың жүрегіне жыр қоса берсін» деген еді. Сөз жоқ, саябақ қала тұрғындарының сүйікті демалыс орнына айналып отыр. Бірақ ең негізгі нысан қоғамдық дәретхана болмаса, саябақта қайдан тазалық болсын.

Тынығуға келгендер тіпті тыныс ала алмайды. Себебі қазірдің өзінде аллеяда орналасқан гараждың арты дәретханаға айналып кеткен. Мүңкіген иісіне шыдау мүмкін емес. Бұл мәселенің шешімі тез арада табылмаса, қаламгерлер түгілі, аллеяның маңынан өтіп бара жатқан қарапайым адамның шабыттануы екіталай, керісінше құты қашар...



Елімізде жыл басынан бастап әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының бағасы 2,6 пайызға қымбаттаған. Бұл туралы Үкімет отырысында ҚР Сауда және интеграция министрі Бақыт Сұлтанов мәлім етті.

БАҒА НЕГЕ ӨСТІ?

– Жыл басынан бастап әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының бағалары 2,6 пайызға өсті. 3,3 пайызды ең жоғарғы өсім Батыс Қазақстан облысы және Шымкент қаласында тіркелді. Олардан кейін тағы 8 өңірде еліміздегі тіркелген орташа деңгейден жоғары, яғни 2,7-ден 2,9 пайызға дейін баға қымбаттаған. Әсіресе, импортқа тәуелді өнімдердің, жоғары экспорттық сұранысы бар тауарлардың, сондай-ақ маусымаралық кезеңде дәстүрлі түрде қымбаттайтын көкөністердің бағасы шарықтап кеткен, – деді Бақыт Сұлтанов. Министрдің дерегінше, жұмыртқа өндірістің 8,4 пайызға қысқаруы, жем мен пестицидтердің 25 пайызға қымбаттауы, сондай-ақ құс тұмауы таралуы салдарынан қымбаттаған. Ал күнбағыс майы мен қанттың бағасының өсіміне әлемдегі бағалардың өсуі, көрші елдердегі егіс алқаптарын қысқаруы және экспорт өнімінің қымбаттауы себеп болған. «Осыған орай, Ауыл шаруашылығы минис-

трлігі өңірлік атқарушы органдармен бірлесіп, импортқа тәуелді тауарлар бойынша ғана емес, сондай-ақ экспорттың жоғарғы өсім байқалатын өнімдер бойынша да өндірісті барынша ұлғайту қажет» деді Бақыт Сұлтанов.

Сонымен қатар, министр әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарлары бағасын тұрақтандыру мақсатында Сауда, Ауыл шаруашылығы министрліктері Бәсекелестікті қорғау және дамуы агенттігімен бірлесіп, баға тұрақтандыру бойынша жол картасын әзірлеп жатқанын жеткізді. «Мемлекет басшысының халыққа арналған Жолдауында тапсырылған, Ұлттық тауар өткізу жүйесі мен әлеуметтік әмияның жедел іске қосу бір жағынан бағаны тұрақтандырады, екінші жағынан отандық тауар өндірушілер үшін өнімдерін сату нарығына және олар үшін экономиканың айналымындағы қаржы ресурстарының қолжетімділігін арттыруға мүмкіндік береді» деді министр.



ӘЛЕУМЕТ САУАЛЫ – ӘКІМ ЖАУАБЫ



– Елордадағы өзекті мәселенің бірі ретінде нөсер канализациясын айтуға болады, осы проблема қалай шешіледі?

Алтай КӨЛГІНОВ, Нұр-Сұлтан қаласының әкімі:

– Елорда әкімдігі нөсер канализациясының құрылысы мен тазалығына ерекше көңіл бөледі. Қазір қалада 3 ірі нөсер канализациясының құрылысы мен тазарту құрылысы жүргізілуде. Қаладағы проблемалы орындардың бірі – Б.Момышұлы учаскесі. Онда нөсер канализациясының магистралды коллекторының құрылысын аяқтаймыз. Аталған нөсер канализациясының ұзындығы 500 метрді құрайды – басы Дауылпаз көшесінен Елім-ай көшесіне дейін (Б.Момышұлы даңғылын басып өтеді). Бұл қолданыстағы нөсер канализациясы желісінің өткізу қуатын бір жарым есеге арттыруға мүмкіндік береді. Сондай-ақ «Жастар» ықшам ауданындағы (Тәшенов пен Амман көшелерінің қиылысы) коллекторларға реконструкция жасап, тазарту құрылысын жүргіземіз. Бұрын бұл жер батпақты болған. Мұндағы тазарту қондырғысы жауын-шашын

суын Есіл өзеніне тазартып құюға мүмкіндік береді. Бұған дейін қалдық су өзенге сол күйі құйылып, ағынды суды лайлап, қала экологиясына да кері әсерін тигізген. Құрылысты биыл аяқтауды жоспарлап отырмыз.



АЛЛО, «АСТАНА АҚШАМЫ»!

Мұхтар СЕРІКҰЛЫ, елорда тұрғыны:

– Балам мемлекеттік грантта оқиды, биыл осыған қатысты заң талаптары жеңілдетілді дейді, соны нақтырақ білуге бола ма?

Бұл сауалға ҚР БҒМ Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру департаментінің директоры Әділет Тойбаевтың жауабын ұсынамыз.

– Бұған дейін мемлекеттік тапсырыс бойынша оқыған азаматтар грантты тек мемлекеттік ұйымдарда және 3 жыл көлемінде жұмыспен өтеуге

міндетті болатын. Енді осы жылдан бастап икемді тәсіл қолданылады. Яғни биылдан бастап түлектер меншік нысанына қарамастан кез келген ұйымда және мемлекеттік тапсырыс бойынша тегін оқыған жыл көлеміне сәйкес мемлекеттік ұйымдарда және 3 жыл көлемінде жұмыспен өтей алады, – дейді ол.



Алматы ауданында заңсыз жер теліміне салынған құрылыс тоқтатылып, бұзылды.



Елордалық Әділет департаментінің сот орындаушысы Нұр-Сұлтан қаласы аудандық соты шығарған заңсыз жер учаскесін босату туралы талапты орындады, деп хабарлайды қала әкімдігінің ресми сайты.

– Быылғы 11 наурызда Нұр-Сұлтан қаласы Әділет департаментінің мүлтік емес сипаттағы талаптарды орындау аумақтық бөлімінің мемлекеттік сот орындаушысымен Нұр-Сұлтан қаласының Алматы

аудандық сот шешіміне сәйкес Нұр-Сұлтан қаласы Алматы ауданы, Манас көшесі, 21 мекенжайында орналасқан 0,05875 га (587,5 ш.м.) жер телімін босатып, өз қаражаты есебінен шаруашылық-тұрмыстық құрылысты және металл қоршауды мәжбүрлі түрде бұзу (демонтаждау) бойынша атқару жүргізілді. Атқару құжатының талаптары толық көлемде орындалды, – деп жазылған Нұр-Сұлтан қаласы Әділет департаменті таратқан хабарламада.

ПРАГА

Чехия астанасы Прагада коронавирусқа байланысты енгізілген карантинге қарсы шеру өтті.

Жергілікті полицияның мәліметі бойынша наразылық шарасына 3 мыңға дейін адам қатысқан. Олар Үкіметтен шектеулерді алып тастауды талап етті. Ереуілшілердің мәлімдеуінше, мейрамханалар, қонақ үйлер және басқа да бизнес нысандары шығынға белшесінен батып, елде жұмыссыздық артуда. Мектепке бармаған оқушылардың да білім сапасы төмендеп барады. Шеруге қатысқандардың көбі бетперде тақпаған, әлеуметтік арақашықтық сақтау талабын елемеген.



БІШКЕК

Қырғыз елінің бас қаласы Бішкектегі Абдылас Малдыбаев атындағы Қырғыз ұлттық академиялық опера және балет театрында ұлы Абай атамның 175 жылдығына арналған «Абай ақынға мың тағзым» атты концерт өтті. Салтанатты іс-шараға Қазақстан Республикасының Мәдениет және спорт министрі Ақтоты Райымқұлова, Қырғыз Республикасы Президентінің Іс басқарушысы Сүйінбек Қасамбетов, Қырғыз Республикасының Мәдениет, ақпарат, спорт және жастар саясаты министрі Қайрат Иманалиев, ТҮРКСОЙ ұйымының Бас хатшысы Дүйсен Қасейінов, Өзбекстан Республикасы Мәдениет министрінің орынбасары Алимжон Мирзаев, елшілік өкілдері, қоғам қайраткерлері қатысты.

№28-29 (4153) 13/03/2021 Сенбі

ТҰРМЫС-ТІРШІЛІК БІРЛЕСКЕНДЕ ТҮЗЕЛЕДІ

Өздеріңізге мәлім, жергілікті атқарушы билік елордамыздың аудандарын полиорталық қағидаты бойынша дамытуға күш салды. Яғни, бас қаламыздың халықтың тұрмыс-тіршілігіне жайлы болуын қамтамасыз етуге тырысады. Бұл дегеніміз – әлеуметтік нысандардың қадамдық жақын жерде орналасуы, уақыт өткізуге арналған абаттандырылған орындардың, жасыл бақтардың қолжетімділігі, инфрақұрылымның жетілдірілуі, т.б.



bi_barys01@mail.ru

Дәулет АСАЕВ

Осыған орай аудан әкімдері елдің мұң-мұқтажын, тұрмыстық қажеттіліктерін білу және атқарылған жұмыстар жөнінде есеп беру үшін жыл сайын тұрғындармен кездесулер өткізіп тұрады. Жұртшылықпен ағымдағы жылы алғаш рет ақпан айында ұйымдастырылған осындай жиында көптеген талап-тілектер, өтініш-арыздар айтылған болатын. Олардың бірқатарын орындауды құзырлы орган өкілдері биылғы жоспарға

енгізген. Енді есепті кездесу өткеннен кейінгі бір ай мерзім ішінде Алматы ауданында қандай жұмыстар жүзеге асырылғанын ой елегінен өткіздік.

«ҚАЗПОШТА» ҮЙГЕ ЖАҚЫНДАДЫ

– «Қазпошта» АҚ қызметінің оңтайландырылуына байланысты көп жерде оның бөлімшелері жабылып қалған болатын. Тұрғындардан оған қатысты біршама өтініштер түскен. Әсіресе, зейнет жасындағы адамдар көп шағымданған. Енді, міне, «Қазпошта» АҚ басшылығының және елорда әкімі қолда-

уымен «Железнодорожный», «Промышленный», «Интернациональный», «Мичурин» және «Күйгенжар» тұрғын алаптарында көпшіліктің сұрауымен акционерлік қоғамның фронт-кеңселері ашылды, – деді Алматы ауданының әкімі Бектенбай Есполов.

Мұнда әр айдың 4-жұлдызынан бастап 4 күн бойы зейнетақы мен жәрдемақыларды беру жүргізіледі. Ал әр айдың 15-жұлдызынан бастап 4 күн аралығында коммуналдық қызметтерге төлем қабылдайтын «мобильді пошта» жұмыс істейді. Қызмет көрсету уақыты 09.00-ден 18.00-ге дейін белгіленген. Егер бұл күндер демалыс және

мейрам күндеріне түскен жағдайда, жұмыс күндеріне ауыстырылатын болады.

ТҰРҒЫНДАРМЕН БІРГЕ ТАЛҚЫЛАДЫ

«Тұрғындармен тиімді кері байланыс орнату әкімдіктің басты мәселелерінің бірі болып табылады. Осы мақсатты Алматы ауданы әкімі аппараты мамандары аудан тұрғындарымен жиі кездесу өткізіп отырады» деді Бектенбай Есполов.

Осындай жиынның бірі «Ақмола АЭК» АҚ мамандарымен бірлесіп өткізілген. Онда «Интернациональный» тұрғын алабын электр қуатымен үздіксіз қамтамасыз ету мәселесі талқыланды. Жиналыс нәтижесі бойынша «Ақмола АЭК» АҚ-на кемшіліктерді жою бойынша іс-шаралар жоспарын әзірлеп, жұмыс кестесін бекіту туралы тапсырма берілді. Сонымен қатар тұрғын алабындағы бау-бақша қоғамында кездесу ұйымдастырылып, қауымдастықты сүмен қамтамасыз ету мәселесі қарастырылды.

Көлік және жол-көлік инфрақұрылымы басқармасының ақпаратына сәйкес, саяжай қауымдастығына су құбырын тарту күз мезгілінде аяқталатыны жоспарланған.

Құрылыс жұмыстары біткен соң, тұрғындарды құбырға

қосу үшін техникалық шарт беріледі.

ҚАШАН МӘДЕНИЕТТІ БОЛАР ЕКЕНБІЗ?

Көлік және жол-көлік инфрақұрылымы басқармасы қызмет көрсететін аялдамалар жаңа жылдан бастап аудандық әкімдіктердің аппараттарына берілді. Бұдан былай аудандық әкімдіктер аялдамалардың тек санитарлық тазалығына ғана емес, сондай-ақ жөндеу-қалпына келтіру жұмыстарына жауапты.

– Халықтың азаматтық санасы қаншалықты өсті, дегенмен әлі де қоғамдық орындарда бейбастық жасап, қынжылатын жайттар аз емес. Аялдамаларды аралау кезінде, өкінішке қарай, экологиялық санасыздық, яғни өйнектер мен орындықтарды қирату, қоқыстарды жәшікке тастамау сияқты фактілер көңілге қану түсіреді, – дейді Алматы ауданының әкімі Б.Есполов.

ӘКІМДІК АУЛАНЫ ТАЗАРТЫП БЕРМЕЙДІ

Биыл көктем кеш келіп, топырақтың тоңдануына байланысты қар суының жайылу қаупі басым. Осыған байланысты Алматы ауданының әкімдігі өздеріне қарасты аймақта тасқын судың алдын алу шараларын мықтап қолға алған. Бұл жұмыстар тіпті аяздар күндері де еш іркіліссіз жүргізіліп жатыр.

– Ауданды аралау барысында қауіпті 7 учаскені қарап, оларды үйме қардан аршу, ағын сулар өтетін арықтарды тазарту жұмыстарын жүйелі



жоспарға енгіздік. Осылайша, тасқын су басу қаупі бар учаскелерден 680 мың текше метр қар шығарылып, 800 метр арықтар тазартылды. Бұл мәселе – біздің қатаң бақылауымызда, – деді аудан әкімі Б.Есполов.

Алайда өздері тұратын аулаларын қар мен қоқыстан тазартуға тұрғындардың өздері де жауапты екенін естен шығармағандары жөн. Әкімдік қызметкерлері келіп, ешкімнің ауласындағы қарды шығарып бермейтіні анық.

Қазіргі күні Абылайхан даңғылы бойындағы, Қобыланды батыр көшесіндегі, Бәйшешек көшесіндегі, Көкарал көшесіндегі суағар арықтары қар мен қоқыстан тазартылған.

СӨНГЕН ШАМДАР ҚАЙТА ЖАНДЫ

Есептік кездесу өткеннен кейінгі бір айлық мерзім ішінде аудан аумағындағы 19 көшеде электр энергиясы іске қосылды. Олардың кейбірінде бұған дейін мүлдем жарық болмаса, енді бірінің шамы күйіп кеткен, не болмаса көше шамы орналасқан баған зақымданған. Сондай-ақ кейбір үйлер мен нысандарға кабель тартылып, маңдайшаларына жарықтандырыш проектор орнатылған. Тұрғын үйлерден басқа Президент саябағы мен Триатлон саябағына шырағдан ілінді. Бектенбай Есполов одан да басқа жөндеу-қалпына келтіру жұмыстары жалғаса беретінін айтты.



Елорданың бірқатар тұрғын алаптардағы жеке үйлерді газ тарту желілеріне қосу ісінде түйткілдер туындап отыр. Жоспар бойынша жүруі тиіс жұмыстар баяу. Тұрғындар тарапынан шағымдар да бар. Аталмыш мәселе Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының құрылыс, экология, көлік, сауда және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясының отырысында қаралды. «Zoot» сервисінің бейнеконференцбайланыс платформасында өткен жиналыста қаланы газдандыруға жауапты мекемелердің басшылары қазіргі жағдаймен таныстырды.

amangali.kalzhana@mail.ru

Аманғали ҚАЛЖАНОВ

БІРІНШІ КЕЗЕҢ ЖҰМЫСТАРЫ БИЫЛ АЯҚТАЛАДЫ

Газ тарту желілерін салу жұмысы үш кезеңге бөлінгені белгілі. Тоғыз іске қосу кешені бар бірінші кезең құрылысы 2019 жылдың күзінде басталды. Бұл кезең аясындағы барлық жұмыстарды аяқтау мерзімі осы жылдың аяғына қойылған.

– Құрылыс-монтаждау жұмыстары бөлінген қаржы көлеміне сәйкес жүргізіліп жатыр. Өкінішке қарай, 2020 жылы пандемияға байланысты жоба толық қаржыландырылмады. Сонымен қатар республикалық бюджет комиссиясы ақшаның бір бөлігін кесіп тастады. Соған байланысты кейбір іске қосу кешендері бойынша тиісті жұмыстар 2021 жылға шегерілді. Осы жылы газдандырудың бірінші кезеңін аяқтауға керек қаржы толығымен бөлінді. Екінші-үшінші кезеңдер 2021-2023 жылдары республикалық және жергілікті бюджет есебінен және жеке инвестицияларды тарту арқылы жүзеге асырылады, – деді Отын-энергетикалық кешен және коммуналдық шаруашылық басқармасының басшысы Төлеген Құлышев.

Оның айтуынша, бірінші және екінші іске қосу кешендеріне 1-ЖЭО мен 2-ЖЭО желілері жатады. Үшінші кешенге «Көктал-1» тұрғын алабының, төртінші кешенге «Көктал-2» мен «Агроқалашықтың» бір бөлігі, жетінші кешенге «Железнодорожный» желілері кіреді. Мұндағы

барлық тиісті жұмыстар аяқталып, желілер «ҚазТрансГазАймақ» акционерлік қоғамына тапсырылды. Аталмыш елді мекендерге газ жіберілді.

– Бүгінгі күнге газға «Железнодорожный» тұрғын алабындағы 190 тұтынушы қосылды. «Көктал-2» мен «Агроқалашық» тұрғындарына газ қосу кезең-кезеңімен жүзеге асырылып жатыр. 14 қараша күні 1-ЖЭО-ға газ келді. Осы жылдың 30 мамырына дейін «Көктал-1» тұрғын алабындағы алтыншы іске қосу кешені құрылысын аяқтау жоспарланып отыр. Ал сегізінші кешенге «Оңтүстік-шығыстың» сол жағы кіреді. Биылғы тамыз айына дейін «Агроқалашықтағы» бесінші іске қосу кешені, «Оңтүстік-шығыстың» оң жағындағы тоғызыншы кешен пайдалануға беріледі, – деді Т.Құлышев.

ТАРИФ 34,6 ТЕНГЕ БОЛЫП БЕКІТІЛДІ

Басқарма басшысының мәліметінше, былтыр 2-ЖЭО-да бір қазандық, 1-ЖЭО-да үш қазандық газға көшірілді. Ал биыл 2-ЖЭО-да бес қазандық, 1-ЖЭО-да жеті қазандық «көгілдір отынға» ауыстырылады. Сондай-ақ 19 әлеуметтік нысанды газға көшіру жұмысы жүргізіліп жатыр.

– Газ тарифі бір текше метріне 34,6 теңге болып бекітілді. Бұдан бұрын тариф текше метрге 45 теңге болады деп жоспарланған. Осы тарифті қатты отынмен салыстырсақ, онда газ көмір бағасынан 10-15 пайызға арзан түседі. Қазіргі күнге қалада 900-ден астам техникалық шарт беріліп, 5 мыңнан аса адам тиісті кеңес алды. Бұл

БАС ҚАЛАНЫ ГАЗДАНДЫРУ БАРЫСЫ ҚАЛАЙ?



бағыттағы жұмыс жалғасып жатыр, – деді Т.Құлышев.

Оның айтуынша, тұтынушылардың газға қосылу шығындарын азайту үшін Жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау басқармасы әлеуметтік әлжуаз топтарға 263 мың теңге көлемінде өтемақы төлеп жатыр. Газдандыру жобасына есептеу құралдарын сатып алу да жатады. Бұл құралдар тегін беріледі. Қаланы газдандыру зиянды қалдықтардың ауаға таралуын жылына 40 мың

тоннаға азайтады. Сондай-ақ газ баллондарды тұтынудан болатын төтенше жағдайлар көрсеткішін төмендетеді.

МЕРДІГЕРЛЕРМЕН БАҒА КЕЛІСІЛДІ

– Үйлерді газға қосу нарықтық баға арқылы жүргізіледі. Осы жұмыспен айналысатын ұйымдармен жиналыстарды өткіздік. Бұрын тиісті баға 170-250 мың теңге аралығында болса, қазір барлық мердігерлермен 150

мың сомасына келістік. Әр үй шаршы метріне қарамай осы бағамен газға қосылады. Бұған газ құбырының 30 метрі, ішкіүйлік, құрылыс-монтаждау жұмыстары жатады. Бірақ мұның ішіне газды жіберетін қондырғылар бағасы кірмейді, – деді Т.Құлышев.

Басқарма басшысының сөзінше, газға қосумен айналысатын әр компанияға 8-10 үйден бөлініп берілді. Жақсы жағынан көрінген мердігерлерге жұмыс көлемі көбейтіледі. Тиісті кесте әзірленді.

Бақылау да қатаң болады.

– Көп адам бастапқыда конденсаттағы газ қатып қалады деп шағымданды. Мұндай жағдайлар желтоқсан, қаңтар айларында тиісті қондырғыны орнатқан бетте алғашқы аяздар соққанда орын алды. Апаттық қызметтер бұл оқиғалықты жөндеген соң, жағдай түзелді. Тек жақында ғана газға қосылғандарда қатты суық күндері осындай проблема туындауы мүмкін. Басқа аймақтар тәжірибесі де мұндай мәселе болуы ықтимал екенін көрсетіп отыр. Қыс болса да, газдандыру жұмысы тоқтаған жоқ. Сарыарқа және Алматы аудандары бойынша кесте әзірленді, – деді Т.Құлышев.

ТҰТЫНУШЫЛАР НЕГЕ НАРАЗЫ?

«ҚазТрансГазАймақ» АҚ Нұр-Сұлтан қаласы өндірістік филиалының директоры Нұрлан Сармұхановтың мәліметінше, қаламыз газдандыру бойынша құрылысы аяқталған бірінші, екінші, үшінші, төртінші және жетінші іске қосу кешендері аталмыш акционерлік қоғамға өткен жылдың қазан және желтоқсан айларында сенімді басқаруға берілді.

– Филиалымыз өткен

жылдың 12 қарашасында «Железнодорожный» тұрғын алабының алғашқы тұтынушыларына газ қосып берді. Ал «Көктал-2» кентіне газ 23 желтоқсанда келді. Қазіргі күнге аталған тұрғын алаптар мен «Агроқалашықта» 187 жеке үй мен 3 коммуналдық-тұрмыстық кәсіпорынға, 1-ЖЭО мен 2-ЖЭО-ға газ тартылды. Осы жылдың тамыз айына дейін «Интернациональный», «Мичурин», «Күйгенжар» тұрғын алаптары бойынша екінші кезең жұмыстарын аяқтауды жоспарлап отырмыз, – деді Н.Сармұханов.

Аталмыш жиынға «Көктал-2» тұрғын алабының белсенді тұрғындары Сайран Нақыпова мен Темірғали Ізтөлеуов шақырылды. Олардың үйлеріне де газ тартылған. Бұл кісілер құрылыс-монтаждау жұмыстарының сапасының төмендігіне, мердігердің тиісті жұмысты аяқтамағанына, басында келісілмеген қосымша ақы сұрағандарына шағымданды.

Мәслихат депутаттары мәселені талқылай келе, мердігерлер газдандыру бойынша тұрғындарды ақпараттандыруды қолға алып, түсіндіру жұмыстарын күшейту керектігіне, бұл бағытта атқарылар жұмыс әлі аз еместігіне назар аударды.





ІНДЕТ ПЕН КҮРЕСКЕН БІР ЖЫЛ

Бүгін – Қазақстанға коронавирус инфекциясы алғаш тараған күн. Тура бір жыл бұрын 13 наурызда еліміздің денсаулық сақтау министрлігі бұл ақпаратты растап, вирус Германиядан келген екі қазақстандықтан анықталғанын мәлімдеген еді. Содан бастап бүкіл әлеммен бірге біздің де өміріміз күрт өзгеріп, іршілігімізге оқшаулану, қатаң карантин шаралары, маска тағу, әлеуметтік қашықтық сақтау деген тосын талаптар еніп кетті. Қоғамның барлық салаларымен қоса, адамзат құндылықтары да басқаша сипатта қарастырыла бастады. Әлем қауіпті вирустың кесірінен бір жыл ішінде 2,6 млн халқынан, соның ішінде Қазақстан 3 мыңға жуық адамынан айрылды.



ray77781@mail.ru

Райхан РАХМЕТОВА

ҚАЛАЙ БАСТАЛДЫ?

Алдымен 2019 жылы желтоқсанда Қытайдың Ухань қаласында бір жаман аурудың ошағы пайда болғаны туралы алып-қашпа әңгіме тарайды. Артынан коронавирус деген ат берілген бұл аурудың алдын алу үшін Қазақстан былтыр бірінші айдан бастап барлық қажетті іс-шараларды жасап, дайындалды. «Әне-міне келеді», «өте тез таралады екен», «қой, қайдам, бізге жете қоймас?!», «бұл мүмкін емес қой!», «қазақтар жылқы еті мен қойдың майын жегесін жұқтырмайды екен» деген үрей мен үмітке толы даурыққан сөздер ел ішінде желдей есті. Беймәлім вирустың өзінен бұрын атағы алыстан жер жара жетіп, дүниені дүрліктіре, үрейлендіре түсті. Сөйтіп қорқа соқтап жүргенде еліміздің экс бас санитар дәрігері Жандарбек Бекшиннің вирус Қазақстанға 11-16 наурыз аралығында келеді деген болжамы шындыққа айналды. 13 наурызда Нұр-Сұлтан және Алматы қалаларында бұл індетті жұқтырған адамдар анықталып, 3 сәуірге дейін COVID-19 елдің барлық аймағына таралып үлгерді. Жаһанды жалмаған тәжтажалдан 26 наурыз күні ең бірінші қазақстандық қайтыс болды, ол елорда маңындағы Қосшы ауылының 64 жастағы тұрғыны болатын.

ҚАБЫЛДАНҒАН ШАРАЛАР НӘТИЖЕСІ

15 наурызда Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев ел аумағында төтенше жағдай енгізу туралы Жарлыққа қол қойды. Төтенше жағдай 16 наурыз сағат 8:00-ден бастап 15 сәуір сағат 7:00-ге дейін созылады деп шешілді. 19 наурызда Нұр-Сұлтан және Алматы қалаларында карантин

енгізіліп, адамдардың бұл қалалардан шығуы мен кіруі шектелді. Ірі сауда орындары жабылып, тек азық-түлік дүкендері мен дәріханалар жұмысын жалғастырды. 22 наурыздан бастап аталған қалалардан шығатын жолдар толығымен жабылды, әуе және теміржол қозғалысы тоқтатылды. 10 сәуірде Қасым-Жомарт Тоқаевтың төрағалығымен өткен Төтенше жағдай жөніндегі мемлекеттік комиссияның отырысының нәтижесінде Қазақстандағы төтенше жағдай режимі сәуір айының аяғына дейін созу туралы шешім қабылданды. 27 сәуірде Президенттің Жарлығымен Қазақстанда төтенше жағдай режимі 11 мамырға дейін созылды. Сосын карантин режимін біртіндеп жеңілдету туралы шешім қабылданып, соның салдарынан маусым-шілде айларында вирус елде қайта асқынды. 5 шілде мен 17 тамыз аралығындағы бір жарым айда шектеу шараларының қуысқандығы елімізде эпидемиологиялық тұрақтанудың мүмкіндігі берді. 30 шілдеде министрлік азаматтардың бәрін маска киюге міндеттеді, бұл талапты орындамағандарға 83 мың теңге айыппұл салынды.

САЛАДА НЕ ӨЗГЕРДІ?

Ең қиын кездерде ауруханаларда дәрі-дәрмек те, оттек аппараты да, төсек-орын да жетіспеді, өкпе желдеткішіне қосылғандардың тірі қалу көрсеткіші аз болды. Осы саладағы сарапшы Мақсат Мамаевтың айтуына қарағанда, індет елімізде ведомстволарлық байланыстың нашарлығын, алғашқы медициналық көмектің, эпидемиологиялық қадағалаудың, еңбек қауіпсіздігі мен медицина қызметкерлері білігінің аса маңызды екенін көрсетті. Осыған орай республикалық бюджеттен 115,4 миллиард теңге денсаулық сақтау саласына бөлінді. Бұл қаржы медицина қызметкерлерінің құрылысы мен тепловизорлар сатып алуға жұмсалған. Басты басымдық жаңа инфекциямен күрес қимылдарына, санитарлық-эпидемиологиялық

Қасым-Жомарт Тоқаев, ҚР Президенті:



«Бір жыл бұрын ДДУ пандемияның басталғанын жариялады. Содан бері Қазақстан бүкіл әлеммен бірге көптеген қиындықты бастан өткерді. Мемлекет азаматтардың өмірі мен денсаулығын қорғау үшін пәрменді шаралар қабылдады. Біз береке-бірлік пен өзара қолдаудың арқасында өршіген індетті еңсердік. Бірақ дерттің қатері әлі де сейілген жоқ. Вирусты вакцинация арқылы ғана түбегейлі ауыздықтай аламыз. Барша отандастарымызды ауырып ем іздегенше, ауырмайтын жол іздеуге шақырамын»

қызметті күшейтуге, вирусқа қарсы вакцина жасауға және егуге, медициналық қызметтер сапасын арттыруға, медицина қызметкерлерінің жалақысын көтеруге, тариф саясатын жетілдіруге және саладағы сыбайлас жемқорлықпен күреске берілді.

АЛДЫҒЫ ОРЫНҒА ШЫҚТЫ

2020 жылы санитарлық-эпидемиологиялық қызметті күшейте түсу үшін Санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау комитеті құрылып, Мемлекеттік бас санитар дәрігердің мәртебесі көтерілді, өкілеттілігі артты. Жаңа талаптарға сәйкес медициналық көмектер көрсету үшін қалаларда 16 модульдік аурухана салынды және де 3 жұқпалы аурулар ауруханасы реконструкциядан өтті. Оған қосымша 63 амбулаторлық-ауруханалық нысан пайдалануға берілді. 64 оттегі стан-

циясы іске қосылып, медициналық ұйымдардың қажеттілігі 3264 дана жасанды дем алдыру аппаратымен толықтай қамтамасыз етілді. 185 аудандық аурухана 100% рентгендік диагностикалық құралдармен жабдықталды. Жедел медициналық жәрдем қызметіне 1367 дана отандық автокөлік алып беріліп, жылжымалы медициналық парк жүз пайызға жаңартылды.

МАЗАСЫЗ МАУСЫМ

1 маусымнан бастап қауіпті дертті емдеу әдістемесі өзгертілді. Халықаралық стандартқа сай келетін әдістеме бойынша симптомсыз науқастар бұрынғыдай ауруханаларға жатқызылмай, үйлерінде карантин жағдайында дәрігерлердің бақылауымен емделетін болды. Дәрігерлер мен дәрі жетіспеушілігі мәселесі осы тұста өткірілене түсті. Ауруханаларда орын жоқ, орын болса, маман тапшы, сосын жеңіл түріне шалдыққандар өз бетінше емделуге көшті. Дәріхана жағалап кеткен ел ең ақыры парацетамол таппай қиналған еді. Бұл тапшылық бөлшек-сауда желісінде қатты байқалды. Үкімет нарықты дәрілік заттармен қамтамасыз ету үшін басқа елдерден 10 млн-нан астам қаптама мен 50-ден астам атау бойынша дәрілік заттарды жеткізді. Билік басында вирус жұқтырғандардың өсуін тестің көптігімен байланыстырды. Бірақ кейін бұған «жұрттың сақтық шараларын сақтамауы» себеп екені айтылды. Тест тапсыра алмай және жедел жәрдем шақыра алмай жүргендердің шағымы артты.

ДӘРІГЕР МӘРТЕБЕСІ АРТҚАН ЖЫЛ

Бұл күресте дәрігерлер, медбикелер, санитарлармен қатар жедел жәрдем бригадалары, лаборанттар мен эпидемиологтардың да еңбегі орасан зор болды. Дерт асқынған кезде елімізде кереует саны 52 мыңға дейін жеткізіліп, індетпен күреске 50 мыңға жуық медицина маманы жұмылдырылды. «Қызыл аймақта» қызмет еткен медицина қызметкерлеріне материалдық қолдау көрсетіліп, үшінші тәуекел тобына жататындарға 116 млрд теңге көлемінде үстемәкі берілді. Сәуірде сол кездегі денсаулық сақтау министрі Елжан Біртанов індеттің өтінде жүрген медицина қызметкерлері үшін топ бойынша қаржылай көмек алатынын айтты. Науқастарды емдеймін деп жүріп өздері де ауырып қалған 9 мыңнан астам медицина мамандарына Мемлекет басшысының шешімімен үстемәкіге қосымша әлеуметтік төлем төленді. Биыл жыл басынан бері мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалауды жүзеге асыратын қызметкерлердің жалақысы көбейді.

ҰЛТТЫҚ АЗА ТҮТУ КҮНІ

Былырғы маусым-шілде айларында елімізде вирустан көз жұмғандар саны өте көп болды. Солардың арасында ғалым, әртіс, актер, композитор, дәрігер мен мемлекеттік қызметшілер және танымал журналистер де бар еді.

Атап айтқанда, күрестен Мәскеу олимпиадасының чемпионы Жақсылық Үшкемпіров 69 жасында, журналист Жолдасбек Дуанабай 62 жаста, композитор Кеңес Дүйсекеев 74 жасқа қарағанда, жазушы, журналист Қуандық Шамахай 60 жасында дүниеден өтті. Сондай-ақ спорт комментаторы Диас Омаров 80 жасқа қараған шағында, белгілі қазақстандық дизайнер Берік Исмаилов 51 жасында, театр мен кино актері Дархан Дайырбек 50-ге жетпей осы кезеңде ажал құшты. Ұлттық ғылым академиясының академигі, филология ғылымдарының докторы, профессор Рабига Сыздық 96 жасында дүниеден озды. Әлеуметтік желіні қазанамаға айналдырып, қара жамылған елге көңіл айтқан Президент 13 шілдені коронавирустан қайтыс болғандарға байланысты Ұлттық аза тұту күні деп жариялады.



Майра ШОЛПАНҚУЛОВА,
инфекционист дәрігері:

– Өткен жылы 3 мамырдан бастап жаңадан салынған қалалық модульді инфекциялық орталықта жұмыс істеп келемін. Науқастардың саны күніне 50-60 адамға жеткен кездер, дәрігерлердің өздері шетінен ауырып, пациенттерге дер кезінде көмек көрсете алмаған сәттер және кереуеттер саны жетпеген уақыттар, бәрі де басымыздан өтті. Карантин жеңілдетілгенше екі айға дейін үйімізге бармадық. Қазір ең көп дегенде күніне 20, аз дегенде 5 адамға дейін түседі. Науқастар азайғанмен, олардың көбі ауруын қатты асқындырып барып келеді. Анау-мынау ауырғанды елемей, жүре береді. Осы жағынан мұқият болсаңыздар екен.



Нұрдәулет ОМАРОВ,
модульді аурухананың
анестезиолог-реаниматолог дәрігері:

– Жыл өте ауыр өтті, әсіресе медицина қызметкерлері үшін. Көптеген озат медицина қызметкерлері ковид жұқтырып, дүниеден өтті. Атап кететін болсақ, ҚР Бас травматологы, профессор Батпенев Нұрлан Жұмағұлұлы, медицина ғылымдарының докторы, профессор Иманқұлов Сүйіндік Бөпежанұлы, профессор Рахимов Серік және т.б. көптеген медицина саласының озаттары көз жұмды. Қазіргі күнде коронавирусты жұқтырғандар санының азаймай тұрған себебі – адамдардың карантин шараларын дұрыс мән бермеуі. SARS-CoV-2 вирусына қарсы қандай да бір спецификалық вирусқа қарсы терапия жоқ. Барлық емдеу шаралары ағзалардың өмірлік маңызды функцияларын қолдауға бағытталған. Сол себепті жаппай COVID-19 жұқпасына қарсы егуді алсақ қана жұқпаның санын азайта аламыз дегім келеді.



Назира БЕЙСЕНБИЕВА,
инфекционист дәрігері:

– Менің індетпен күресім былтыр қаңтар айында басталып кетті. 29 қаңтарда Уханьда оқитын қазақстандық 200-ден астам студент елордаға жеткізілді. Маған сол күні таңғы 4-те жұмыстан соғып, ауруханаға шақырды. Оларды қабылдауға дайындап, орналастырып, 14 күн бақылауда ұстадық. Жастардың ағзасынан вирус анықталмай, үйлеріне жібердік. Қазір ауру статистикасы былтырғы жазға қарағанда, әрине, азайды. Бірақ әріптестерім айтқандай, асқындырып келетін науқастар көбейді. Олардың көбі – жасы егде адамдар. Сонымен қатар қазір аурудың клиникасы өзгерді. Яғни, бұрынғыдай жөтел немесе қызу белгілері болмай-ақ вирус жұғуы мүмкін. Дене температурасы көтерілмей келген науқастарды компьютерлік томографияға түсірген кезде олардың кейбірінің өкпелерінің 30-40 пайызы зақымданғанын анықтадық. Бұл, негізінен, иммунитетке байланысты болады. Кейбірінде иммунитет төмен болса, қызу көтерілмеуі мүмкін.



ДЕРТКЕ ДАУА – ЕКПЕ

Коронавирусқа қарсы екпені қазір жер бетіндегі 66 ел салдырып жатыр. Халыққа екпе салу қарқыны бойынша АҚШ, Қытай, Ұлыбритания, Израиль мен Біріккен Араб Әмірліктері алда келеді. Тіпті вирусқа қарсы вакцина салдырғандар саны вирус жұқтырғандардан асты. Осы уақытқа дейін бас-аяғы 105 миллион адам екпе алған. Күн сайын препараттың 4 миллионнан аса дозасы салынады. Америкада екпе қабылдағандар қатары 34 миллионға жуықтады. Осылайша карантинге жалғыз балама деп саналған вакциналау науқаны жер шарында ерекше қарқын алды. Ал Қазақстанда биыл 1 ақпан-



да ресейдің «Спутник V» вакцинасымен жаспай егу басталғалы 58796 адам 1 компонентпен, 18431 адам екінші компонентпен егілді. Соның ішінде елордада 12 наурыз күнгі жағдай бойынша екпенің бірінші компонентін 4,983, екінші компонентін 1842 адам алды. Екпе алған 877 педагог та – осы тізімде. Отандық вакцинамен егу осы жылы сәуір айында басталады.

ДИМАШ ҚОЛ ҰШЫН СОЗДЫ



Даңқты ұлымыз Димаш Құдайберген еліміздің денсаулық саласына 500 мың доллар сыйға тартты. Бұл қаржы дәрі-дәрмек пен медициналық құрал-жабдықтар сатып алу үшін жұмсалды. С.У.Р.Е үкіметтік емес қайырымдылық қорының президенті Дуғлас Джексон мәлім еткен жағымды жаңалық елге тез тарап кетті. «Димаш С.У.Р.Е жұбасының амбасадоры ретінде Халықаралық әйелдер күнін онлайн форматта өткен шарда Димаш сөз сөйледі. Одан соң әншінің пандемия кезінде медицина қызметкерлеріне арнаған әнінің бейнебаяны көрсетілді.

миллион доллар ақша дәрі-дәрмек пен медициналық жабдықтар сатып алуға жұмсау үшін Қазақстанға табысталады» деді ол. Онлайн форматта өткен шарда Димаш сөз сөйледі. Одан соң әншінің пандемия кезінде медицина қызметкерлеріне арнаған әнінің бейнебаяны көрсетілді.

ӘЛЕМДІ ӘБИГЕРГЕ САЛҒАН ДЕРТ

Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы былтыр 11 наурызда коронавирусы инфекциясына байланысты әлемде пандемия жариялады. Сол кезде жер бетіндегі 114 елде 118 мың адам вирус жұқтырып үлгерген еді. Ал содан бері өткен 365 күннің ішінде жер шарының 118 млн тұрғыны дертке шалдықты. Аталған ұйымның мәліметтері бойынша індет тек келесі жылы ғана аяқталады. Дегенмен қазірден-ақ оны бақылауда ұстау мүмкіндігі туды. Оның басты құралы – вакцинация және адамдардың жауапкершілігі. Бірақ дүние жүзіндегі эпидемиологиялық жағдайлар өзгеріп отыр. Неміс ғалымдары Еуропада індеттің үшінші толқыны басталады деп санайды. Әсіресе, Германиядағы жағдай мез емес. Ахуал бұдан да жаман асқындып кетпес үшін сарапшылар неғұрлым көп адамды вакцинациялау керектігін айтады.




КИЕЛІ ЖЕРЛЕРДІҢ ЖАҢА КАРТАСЫ

НЕМЕСЕ БАҒДАРЛАМА ҚАЙДАН БАСТАУ АЛДЫ?

2017 жылы сәуірде Елбасы Н.Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласында жалпұлттық қасиетті орындар ұғымының ерекше маңыздылығын атап, рухани жаңғырудың жаңа саласын көрсетті. «Қазақстанның қасиетті жерлерінің мәдени-географиялық белдеуі – неше ғасыр өтсе де, бізді кез келген рухани жұтаңдықтан сақтап, аман алып шығатын символдық қалқанымыз әрі ұлттық мақтаншымыздың қайнар бұлағы» деп оны ұлттық бірегейлік негіздерінің басты элементтерінің бірі ретінде қарастырды. Жаңа жоба аясында еліміздегі барлық қасиетті нысандар бес топқа жіктелді. Ол – ерекше бағаланатын табиғи мұра ескерткіштері; Археологиялық ескерткіштер және орта ғасырлық қалалық орталықтар; Діни және ғибадат орындары болып табылатын орындар; Тарихи тұлғаларға қатысты қасиетті орындар; Саяси, тарихи оқиғаларға байланысты қасиетті орындар. Осы негізде «Қазақстанның киелі жерлерінің географиясы» жобасы жасалып, Ұлттық музей жанынан республикалық «Қасиетті Қазақстан» ғылыми-зерттеу орталығы құрылды.

«КИЕЛІ АСТАНА» КАРТАСЫ
Нұр-Сұлтан қаласы Мәдениет, мұрағаттар және құжаттама басқармасының мәліметінше, елордада 46 тарихи және мәдени ескерткіш бар. Олардың 34-і – сәулет және қала құрылысы ескерткіштері, 12-сі – сәулет ескерткіші. Бәрін алып қосқанда, екеуінің республикалық



маңызы бар болса, қалғаны – жергілікті нысандар.

Осының ішіндегі бірқатар ескерткіш «Қазақстанның жалпұлттық қасиетті орындары» жобасына, ал 20-сы астана әкімдігінің ескерткіштерді және тарихи-мәдени мұра нысандарын қорғауды қамтамасыз ету дирекциясы әзірлеген «Киелі Астана» картасына енгізілді. Бүгін біз осы картаға енген нысандармен оқырмандарды қысқаша таныстырамыз.

Бозоқ ортағасырлық қалашығы. Бұл – Ақмоланың түпкі атасы ретінде қарауға болатын, аумағы 40 га жерді алып жатқан, ішінде қос кесене, бір мұнара, кірпіш күйдіру пеші, 11 жерлеу орны бар жер.

Шұбар қорымы. Астанадан солтүстік-шығысқа қарай 15,5 шақырым жерде, Шұбар ауылынан 1 шақырым қашықтықта орналасқан. Нысан шығыс және батыс бөлігі бойынша екі топырақ үйіндісінен тұрады.

Сарқырама қорымы. Астананың оңтүстік-шығыс бөлігінде орын тепкен. Осыдан он жыл бұрын К.Ақышев атындағы Археология ғылыми-зерттеу

Тәуелсіздік жылдарының руханиятқа қосқан үлкен бір үлесі рухани жаңғыру бағытындағы ауқымды жобалардың жүзеге асырылуы деуге болады. 2004 жылы қолға алған «Мәдени мұра» бағдарламасы аясында Қазақстан аумағындағы тарихи-мәдени ескерткіштер мен нысандар күрделі жөндеуден өткізіліп, қайта жаңғыртылды. Одан кейін араға он жылдай салып басталған «Халық – тарих тоқынында» бағдарламасы әлемнің ең белді архивтерінен тәл тарихымызға қатысты құжаттарды жүйелі түрде жинап, ақтаңдақты түгендеп алуға мүмкіндік берді.

институтының қызметкерлері осы жерде сәйкес жұмыстарды жүргізген.

Күйгенжар қорымы. Біздің дәуірімізге дейінгі III-I ғасырларда пайда болып, астананың шығысында орын тепкен қорым бес қорғаннан тұрады. Қорғандардың биіктігі – 1-2 м, диаметрі – 12-42 м.

Көктал жалқы қорғаны. Қаланың солтүстік бөлігінде, Көктал кентінен солтүстікке қарай 1,5 шақырым қашықтықта орналасқан.

Қ.Қуанышбаев атындағы Мемлекеттік академиялық қазақ музыкалық-драма театрының қойылым цехының ғимараты (бұрынғы мұсылман мектебі). Қала орталығында, Абай мен Республика даңғылдарының қиылысында орналасқан. XX ғасырдың басында Ақмоланың ең алғашқы мұсылман мектебі болып ашылып, мұнда 1907 жылдан медресе жанынан қырғыз-татар бастауыш мектебі өз қызметін бастаған. Онда 27 оқушы дәріс алған. Кейіннен мектеп 7 жылдық білім жүйесіне ауысты. Қыздар мен ұлдар бөлек оқыды. 1912-1916 жылдары бұл



болған, 1-гильдиялық көпес Баймұхамбет Қосшығұлұлы XX ғасырдың басында өз қаражатына мешіт пен мұсылман жастарына арналған осы мектепті салдырған. Мектеп ғимараты бастапқыда бір қабаттан тұрды. 1986 жылы ғимараттың тарихи-мәдени құндылығы ескерілместен, екінші қабат тұрғызылып, ғимараттың кейпі сәл өзгертілді. Қазіргі уақытта мұнда «Казкоммерцбанк» орналасқан.

«Жасыл» мешіт қоршауы (1895 ж.). Абай даңғылы мен Республика бойынша бұл зиратта Тәуке ханның ұлы Самеке, Ақмоланың аға сұлтаны Қ.Құдаймендин, Бөгенбай, Қабанбай батырлардың, Амангелді Имановтың жауынгерлері, көпес Баймұхамбет Қосшығұлов жерленген. Кейінгі жылдары Кенесары сарбаздары мен Балуан Шолақтың ғашығы Ғалия Тілеуқызының бейіттері табылды.


Баймұхамбет Қосшығұлұлы мектебі. Ғимарат қаланың тарихи орталығында, Абай даңғылы мен Ә.Мәмбетов көшесінің қиылысында орналасқан. Ақмола қаласындағы кондитерлік фабрика қожайыны

толығымен 1858 жылы аяқталды. 1938 жылы жабылып, 1940 жылы ғимарат тарихи-өлкетану мұражайына табысталды. 1941-1942 жылдары шіркеу ғимаратына Ақмолада ұйымдастырылған 29-атқыштар дивизиясының байланыс батальоны орналастырылған. 1942 жылы мінәжат орнына қайта айналды.

Көпес П.Силиннің үйі. Қаланың тарихи орталығында тұрған ғимарат 1918 жылы Ақмола қызыл әскерінің екінші ротасына берілді. Өткен ғасырдың тоқсаншы жылдары мұнда Президент іс басқармасының медициналық орталығы, ал 1997-1998 жылдары астананы көшіру жөніндегі комиссия отырды. 2005 жылдан Беларусь Республикасының Қазақстандағы елшілігі отыр.

Дәрігер Ф.Благовещенскийдің үйі. С.Сейфуллин және М.Әуезов көшелерінің қиылысындағы ғимарат кеңес заманында облыстық орталық бухгалтерлік мектеп болып саналды. Қазіргі таңда мұнда С.Сейфуллин музейінің әкімшілігі отыр.

Көпес үйі. 1846 жылы салынған



ғимаратта бүгіндері С.Сейфуллин музейі орналасқан.

Қалалық басқарманың ғимараты (XIX ғасырдың аяғы). Қаланың алғашқы әкімшілік ғимараты Ақмоланың саяси, қоғамдық және шаруашылық өмірінде елеулі рөл атқарды. Екінші дүниежүзілік соғыс жылдары мұнда 59-атқыштар дивизиясының штабы болды. Одан кейін әртүрлі мекемелер, соның ішінде облыстық кітапхана орналасты. 2003 жылы жөнделіп, бастапқы қалпы негізінен сақталды. Қазір мұнда М.Горький атындағы мемлекеттік академиялық орыс драма театрының әкімшілігі отыр.

Гимназия (XIX ғасырдың аяғы). Бастапқыда гимназия болып ашылған қалалық басқармасы мен меценат, көпес С.Кубрин 100 сом шығарып, театрға сатып алды. Сол жылы алғашқы труппа жұмысын бастады. 1913 жылы мұнда Г.Әубәкіровтің татар труппасы орналасты. 1918 жылы осы жерде С.Сейфуллин қазақ жастарын жұмылдырып, «Бақыт жолында»

спектаклін қойды. Соғыстың алғашқы жылы театр таратылды. 1942 жылы Ворошиловтың орыс драма театры келіп, жергілікті труппа оның құрамына қосылды. Бір жылдан кейін облыстық музыкалық-драма театры атанып, қазақ және орыс бөлімдері ашылды. 1955 жылы Ақмола облыстық драма театры болып, 1959 жылы оған М.Горькийдің аты берілді. Қазіргі таңда осы атпен жұмыс істеп, ғимаратта спектакльдерді қояды.

Көпес М.Кубриннің сауда үйі (1905-1907 жж.). Кенесары және Ә.Мәмбетов көшелерінің қиылысындағы ғимаратта XX ғасырдың басында сауда жүргізілді. Төңкерістен кейін мұнда орталық қалалық кітапхана, орталық баста, уездік экономикалық бөлім орналасты. 1944 жылы ғимарат өртеніп, 1950 жылы қалпына келтірілді. Жарты ғасырға жуық кулинария мен «Радуга» атты азық-түлік дүкені болған нысан қазір «Астана» сауда орталығы атымен жұмыс істеп тұр. Бұрынғы Украина елшілігі.

Теміржолшылар сарайы. 1956 жылдың желтоқсанында Теміржолшылар сарайы болып ашылған ғимаратта қала Астана атанған соң К.Байсейітова атындағы опера және балет театры отырды. Кейін «Жастар» театрына берілді.

«Астана» концерт залы. Құрылысы 1961-1963 жылдары жүрді. 1999 жылға дейінгі атауы – Тың игерушілер сарайы. Кейіннен Конгресс-холл аталды. Қазір – «Астана» концерт залы.

«АЛЖИР» саяси қуғын-сүргін және тоталитаризм құрбандарын еске алудың мемориалды-музейі кешені. Өткен ғасырдың отызыншы жылдары Карлағ-тың Ақмола

бөлімшесі болып ашылып, әйелдер отырған ірі лагерьге айналды. 2007 жылдың көктемінде қазіргі атаумен жұмыс істеп жатыр.

«Астана-Бәйтерек» монументі. Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың идеясымен, астананың Алатаудан Арқаға ауысуының символы ретінде жаңа ғасыр басында бой көтерді. Темір құрылымының биіктігі – 105 метр, салмағы мың тоннадан асады. Ұшар басындағы шеңбердің диаметрі – 22 метр, салмағы – 300 тонна. Ескерткіш биыл күрделі жөндеуден өтті.

Көпес Моисеевтің үйі (соғыс ардагерлері госпиталі);

Көпес Федотовтың үйі (Сейфуллин мұражайының артында);

Көпес Поповтың үйі (қалалық әскери комисариат);

Қыздарға арналған мұсылман мектебі;

Қосшығұлов салған қыздар мұсылман мектебі;

Ескі мектеп (Тілендиев пен Сейфуллин көшелерінің аралығы);

Қара терек – ең көне ағаш.

АМАЛ МЕРЕКЕСІ БАСТАЛДЫ

14 наурызда еліміздің батыс өңірінде Амал мерекесі басталады, оны Көрісу айт деп те атайды. Маңғыстау, Ақтөбе, Атырау, Батыс Қазақстан облыстарында тойланатын бұл мерекені шекаралас жатқан Астрахан, Саратов, Орынбор өлкесіндегі қазақтар да атап өтеді. Өткен жылы пандемияның алдында Амал мерекесі алғаш рет халықаралық деңгейде аталып, Маңғыстаудың ең биік жері – Отпантаудың басына Ресей, Өзбекстан, Түркия, ноғай мен қырғыз елінен мыңдаған адам жиналып, Ақтаудан Отпантауға 300 атты керуен көші аттанған еді.

Баяғы көнекөздер 22 наурызды «қызылбастың наурызы» дейді екен (Қызылбас – Иран, бұрынғы Парсы елінің қазіргі атауы). Қазақ халқы наурыз демеі, амал деген. Ал батыстың

14 наурызды Наурыз мерекесі ретінде тойлайтыны әр айдың он төртін жаңа ай басталды деп есептегендіктен, наурыздың он төртін де жаңаның басы деп есептегенінен болуы мүмкін. Шәкәрім қажының баласы Ахаттың естелігінде: «14 март – ескіше 1 март. Әкей айтты: «Бүгін ескіше 1 март, қазақша жаңа жыл, ұлыстың ұлы күні дейді» деген екен. Ал «Көрісу» күні деп көптен көрмеген бір-біріне жақын адамдардың кездесіп, көрісуіне байланысты аталған. Бала кезде бұл күні бүкіл ауыл жұрты ерте тұрып, шелек пісіріп, құран оқытып, дастарқанды бауырсақ, көже, уыз, құрт-май, ірімшікпен толтыратын. Ертемен көрісуге

келген қонағын жылы жүзбен қарсы алатын, төрге шығарып, құрмет көрсететін. Келген адам «бір жасыңызбен» деп кіріп, қыстан аман шыққан жұртты құттықтап, жақсы тілегін айтады. Егер бір-біріне өкпе-реніштері болса, сол бойда кешірседі. Ол кезде үйде қарт әжемсіз болды, бүкіл ауылдың үлкен-кішісі әжемсізге келіп көрісіп, екі соғыстың қиындығын, аштық жылдарын бастан өткерген үлкен кісінің батасын алатын. «Бұл күні әр адам міндетті түрде үш үйдің есігін ашуы керек» дегенге балалар да топырласып көршілердің үйін аралайды, көршілер балалардың қалталарын тәттіге толтырып жібереді. Бұл да бала-шаға тоқ болсын, ас-табақ аралас болып, тату жүрейді деген жоралғы.

БИЫЛ НҰР-СҰЛТАНДА 16 МЕКТЕП САЛЫНАДЫ

ЖАҢА БІЛІМ ОРДАЛАРЫ 40 МЫННАН АСА
ОҚУШЫ ОРНЫН ҚАМТИДЫ.

Биыл 2020 жылмен салыстырғанда мектептегі орын саны 2 есе, ал 2019 жылмен салыстырғанда 4 есе артады.

Былтыр 11 мектеп салынды. Үш ауысыммен оқытатын мектептер саны 8-ден 4-ке дейін, ал оқушы саны шамадан тыс мектептер саны 22-ден 14-ке дейін қысқарды.



МЕКТЕП ҚАТАРЫ КӨБЕЙЕДІ

(Соңы. Басы 1-бетте)

«Таңертеңгілік қаланы аралау барысында бірқатар мектептің құрылысымен таныстым. Мысалы, Есіл ауданында орналасқан мектеп (Ұлы Дала даңғылы мен №39 көшенің қиылысы) екі ауысымда 2400 оқушыны оқытады. Дәл осындай мектеп құрылысы Алматы ауданында да (Қ.Сәтпаев және Ж.Нәжімеденов көшелерінің қиылысы) қолға алынған. Мектеп құрылысына техника мен адамдарды жұмылдыруды тапсырдым. Оқу орындарын барлық қажетті жабдықтармен қамтып, мектептерге кірме жолдарды ойластыру, сондай-ақ мектеп аумағын абаттандыру мен көгалдандыруға ерекше назар аудару қажет» деп жазды қала әкімі.

Елордада биыл жалпы 16 мектеп салу жоспарланған. Соның нәтижесінде 40 мың оқушы жаңа мектеп табалдырығын аттайды. Демек, 2020 жылмен салыстырғанда оқушы орындарының саны 2 еседен

асады, ал 2019 жылға қарағанда 4 есе ұлғаяды.

Мысалы, өткен жылы 11 мектеп салынды. Бұл үш ауысыммен оқытатын мектептер санын 8-ден 4-ке дейін, ал тығыздалған режимі бар мектептер санын 22-ден 14-ке дейін қысқартуға мүмкіндік берді. Сонымен қатар, бірқатар мектептер жылыту қазандығынан орталыққа ауыстырылды. Бұл жыл сайын 100 млн теңгеге дейін қаражат үнемдеуге мүмкіндік береді. «Мектеп құрылысына да жеке инвестиция тартамыз. Инвестициялық кеңестерде 30-дан астам жекеменшік мектептің құрылысы қолға алынады. Сонымен қатар, кешенді жоспар аясында 5 жылдық кезеңге 50-ге жуық мемлекеттік мектеп салу жоспарланған. Қолданыстағы оқу орындарына тиісті назар аудару қажет. Өткен жылы 26 білім беру нысаны (мектеп, балабақша, колледж) жөнделді. Осы жылы да жұмыстар жүргізілгенде жалғаса бермек» деді қала әкімі.



БІЛІМ САПАСЫ ҚАЛАЙ ЖАҚСАРАДЫ?

Премьер-министр Асқар Маминнің төрағалығымен өткен Үкімет отырысында білім беру саласын жетілдіру мәселелері қаралды.

karkynktem@gmail.com

Көктем ҚАРҚЫН

2024 жылға қарай педагогтардың жаңа сапасы мен студенттердің шәкіртақысы 2 есеге ұлғаяды. 800 жаңа мектеп салынып, 5000 ауыл мектебі жаңғыртылады. Арнайы орта білімді 9-сынып негізінде оқу толығымен тегін болады. Колледждерді бизнеске сенімді басқаруға беру тәжірибесі жалғасады (қазіргі уақытта 10 колледж берілді). Университеттердің білім бағдарламалары кәсіптік стандарттар негізінде 100 пайыз жаңартылады, бұл түлектердің жұмысқа орналасу мүмкіндіктерін арттырады. Талантты жастардың елден кетіп қысқарту мақсатында шетел университеттерінің филиалдарын ашу жоспарлануда. Отандық 20 жетекші ЖОО өңірлердің өсу нысанасына айналады. Назарбаев университетінің тәжірибесі бойынша инновациялар мен жаңа технологияларды дамытумен айналысатын екі озық ЖОО құрылады. Жоғары білімнің қолжетімділігін арттыру үшін 2025 жылға дейінгі гранттар саны 50 пайызға артады. Жыл сайын жас ғалымдарға 1000 грант бөлінеді, ал 500 қазақстандық ғалым әлемнің танымал ғылыми орталықтарында тағылымдамадан өте алады. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасы бойынша осы жылдың сәуір айында белгіленген үлгідегі құжаттарды бере отырып, қазақстандықтардың өз бетінше оқу нәтижелерін тануды көздейтін үздіксіз білім беру тұжырымдамасы қабылданады.

БІЛІМ БЕРУДІҢ ЖАҢА МОДЕЛІ ӨЗІРЛЕНДІ

Үкімет басшысы Білім және ғылым министрлігіне 2021 жылғы желтоқсанға дейін мектепке дейінгі білім беруді қаржыландырудың ваучерлік тетігін апробациялауды аяқтауды және 2022 жылдан бастап оның жаппай енгізілуін қамтамасыз етуді, осы жылдың 1 сәуіріне дейін әлемдік практикада қабылданған балабақшалардың жұмыс сапасының көрсеткіштерін («Starting well» рейтингінде) бекітіп, енгізуді тапсырды. «3 пен 6 жас аралығындағы балаларды қамту көрсеткіші 98,8 пайызға дейін жетті. Десек те, 2-ден 6 жасқа дейінгі балаларды қамту деңгейі әлі де 71 пайызды ғана құрайды. Сондықтан біз енді ерте жастағы, яғни 2 мен 6 жастағы балаларды қамту міндетін басты назарға қойып отырмыз. Осы жастағы балалар үшін ең көп кезек бүгінде Алматы, Түркістан, Маңғыстау облыстары



мен Алматы, Шымкент қалаларында. Мақсат – 2025 жылға қарай 2-6 жастағы балаларды қамтуды 95 пайызға, ал 3-6 жастағы балаларды қамтуды 100 пайызға жеткізу» деді Білім және ғылым министрі Асхат Аймағамбетов. Оның айтуынша, ол үшін жекеменшік балабақшалар желісін одан әрі дамыту, ваучерлік қаржыландыруды, сонымен қатар әлеуметтік тәрбиеші институтын енгізу тетіктері кеңінен қолданылады. «Сәйкесінше кімдікітерден мемлекеттік тапсырыс мөлшерін нормативке сай төлеу мәселесін шешулерін сұраймын. Өйткені онсыз жаңа орындар ашу мүмкін болмайды. Мемлекет басшының тапсырмасына сәйкес мектепке дейінгі білім берудің жаңа моделі әзірленеді. Оны енгізу жаңа оқу жылынан басталады. Бұл үшін «Ойын арқылы оқыту» қағидаты негізінде мемлекеттік стандартқа өзгерістер енгізіледі. Тәрбиешілерді даярлау, біліктілігін арттыру жүйесі және бағдарламалар жаңарады. Сонымен бірге енгізілетін ваучерлік қаржыландыру тетігі де балабақшалардың бәсекелестігін арттыру арқылы білім сапасына да оң өзгеріс әкелетіні анық» деді министр.

800 ЖАҢА МЕКТЕП САЛЫНАДЫ

2025 жылға қарай мектептердегі орын тапшылығы 670 мыңды құрайды. «Маңызды бағыттардың

бірі – инфрақұрылымды дамыту. Қазіргі уақытта елімізде 34 апатты және 137 үш ауысымды мектеп жұмыс істейді. 2025 жылға қарай орын тапшылығы 670 мың орынға жетеді деп болжап отырмыз. Бұл мәселені шешу үшін 800 жаңа мектеп салынады. Тек қана осы жылдың соңына дейін 200 жаңа мектепті пайдалануға беру қажет. Аймақтар тиісті жоспармен қамтамасыз етілді. Бүгінде жұмыс қарқынды жүріп жатыр» деді министр. Оның айтуынша, жекеменшік мектеп желісін арттыру өте маңызды. Соңғы екі жылда елімізде 41 мың оқушы арналған 126 жекеменшік мектеп ашылды. «Бұл бұған дейін ашылған жекеменшік мектептердің санынан 2 есе көп екенін атап өткім келеді. Қазіргі уақытта министрлік кімдікітермен бірлесіп, 800 мектепті салу жол карталарын жасауда. Ол үшін 4 механизм қолданылады: мемлекеттік-жекеменшік әріптестік, жекеменшік мектептер желісін дамыту, мемлекеттік бюджеттен нысаналы құрылыс және модульдік конструкциялардан мектептер салу» деді Асхат Аймағамбетов.

КОЛЛЕДЖДЕРДЕ ОҚУ МЕРЗІМІ ҚЫСҚАРАДЫ

Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарына академиялық дербестік беріледі. Колледждерде оқытылатын білім бағдарламалары жұмыс берушілердің қатысуымен жетілдіріледі, жаңартылады және

нарықтағы сұраныс пен талаптарға сәйкес икемделеді. 9-сыныптан кейін колледжде оқуға түскен студенттер үшін оқу мерзімі бұрынғыдай үш жарым жыл емес, екі жылға дейін қысқарады. Ал 11-сыныптан кейін колледже түскендер үшін оқу мерзімі екі жарым жыл емес, 1,5 жылды құрайтын болады. Колледждердегі білім беру грант көлемі кезең-кезеңмен ұлғаяды. Биыл «Жас маман» жобасы аясында 180 колледждің инфрақұрылымын жаңғырту жұмыстары аяқталады. Жобаның қорытындысы бойынша әрбір өңірде материалдық-техникалық базасы, жаңа оқу жоспарлары мен бағдарламалары бар кемінде 7 заманауи колледж жұмыс істейтін болады.

ГРАНТТАРДЫҢ БІРНеше Түрі ЕНГІЗІЛЕДІ

Енді кадрлар даярлауға арналған гранттар тек сұранысқа ие бағыттар бойынша бөлінетін болады. Сол себепті гранттардың бірнеше түрлері енгізіледі. 2025 жылға дейін студенттердің стипендиясы тағы 2 есеге, магистранттар мен докторанттардың стипендиясы 1,5 есеге артады. Студенттерді жатақханалардағы орынмен қамтамасыз ету үшін 2020 жылы 20 мың орындық 75 жатақхана пайдалануға берілген еді. Ал 2025 жылға қарай кемінде 50 мың жаңа орын қолжетімді болады деп жоспарлануда.

ЖЫЛҒА СОЗЫЛҒАН ҚАШЫҚТАН ОҚУ

Нұр-Сұлтан қаласы Білім басқармасы басшысының орынбасары Римма Иманғазинава қалалық әкімдікте өткен онлайн-брифингте эпидемиологиялық жағдай мен карантиндік шектеулерге байланысты үшінші тоқсанда жүргізілген санитарлық шараларды мәлімдеді.

– Оқу жылының ең ұзақ тоқсаны – үшінші тоқсан да аяқталуға жақын. Өздеріңізге белгілі, биылғы 1 наурыздан бастап 1-5-сыныптардың, сондай-ақ халықаралық мектептердің 1-7-сыныптарының білім алушылары үшін аралас форматта оқыту ұйымдастырылды. Қазіргі уақытта 1-5-сынып оқушыларының 85575 (яғни 88 пайыз) офлайн режимде оқытумен қамтылған. Ал бітіруші сыныптар (9, 11, 12-сыныптар) оқуды аралас форматта жалғастырады (пәндердің 70 пайызы – дәстүрлі, 30 пайызы – қашықтан), – дейді Римма Иманғазинава.

Мектептерде барлық санитарлық-эпидемиологиялық талаптар мен 1,5 метр әлеуметтік қашықтық сақталған. Әр сынып 25 баладан аспай, ал халықаралық мектептердің 1-7-сынып оқушылары үшін 15 баладан аспай отырғызылды. Оның айтуынша, сабақ кестесі, ауысымдардың көбеюі, сабақтар арасындағы үзілістер қамқоршылық кеңеспен ақылдаса отырып келісілген. Ал созылмалы аурулары бар, сондай-ақ вирус жұқтырғандармен байланыста болған 3660 оқушы



ата-анасының өтініші бойынша онлайн білім алып жатыр. 6, 7, 8, 10-сыныптар қашықтан оқытуды жалғастыруда.

– Барлық мектептердің кіреберісінде дезинфекциялық тоннельдер, қашықтық белгілері орнатылған, сол сияқты дезинфекциялық құралдар сатып алынып, кварцтау жүргізілуде. COVID-19 сырқаттанушылықтың бір немесе екі жағдайы анықталған жағдайда сынып жабылады, үш және одан да көп жағдайда мектеп толығымен жабылады, яғни

балалар қашықтан оқытуға көшеді. Ал мектеп формасына қатысты шешімді ата-аналардың өздері қабылдайды. Оқушыларға мектепке еркін және ұқыпты киім киюге рұқсат етіледі, – дейді басқарма басшысының орынбасары.

Римма Иманғазинава мектептердегі бөлім және тоқсандық жиынтық бағалау өткізудің ерекшеліктеріне тоқталды. «2-11-сыныптарда бөлім үшін 1 жиынтық жұмыс, пәндер бойынша тоқсан үшін 1 жиынтық жұмыс жүргізіледі, ал 1-сынып-

тарда бағалау жүргізілмейді. БЖБ 2-11-сыныптарда 2021 жылғы 1-13 наурыз аралығында, ТЖБ 2-11-сыныптарда 2021 жылғы 15 наурыздан бастап өткізу ұсынылады» деді ол.

Білім басқармасы өкілінің айтуынша, БЖБ-ны өткізу мерзімін педагог дербес айқындайды және қажет болған жағдайда екі кезеңде жүргізілуі мүмкін. «Өзін-өзі тану», «Көркем еңбек», «Музыка», «Дене шынықтыру», «Кәсіпкерлік және бизнес негіздері», «Графика және жобалау», «Қоғам және дін», «Алғашқы әскери және технологиялық дайындық» оқу пәндері бойынша жиынтық бағалау өткізілмейді. Жартыжылдық және оқу жылының соңында «сынақ» («сынақтан өтпейді») қойылады.

Сонымен қатар каникул кезінде елордалық оқушылар үшін онлайн-режимде өтетін іс-шаралар жоспары әзірленді. «Біз үшін маңызды мәселелердің бірі – оқушылардың 20 наурызда басталып, 31 наурызға дейін созылатын көктемгі каникулды өткізу мәселесі. Каникул «Қазақстан балалары – көктемгі тамшы!» ұранымен өтеді» деп атап өтті Римма Иманғазинава.

QS-2021 рейтингі бойынша әлемдегі үздік 10 университет

- 1 Массачусетс технологиялық институты
- 2 Стэнфорд университеті
- 3 Гарвард университеті
- 4 Калифорния технологиялық институты
- 5 Оксфорд университеті
- 6 Швейцария федералды технологиялық институты (ETH Цюрих)
- 7 Кембридж университеті
- 8 Лондон империялық колледжі (Imperial College London)
- 9 Чикаго университеті
- 10 Лондон университет колледжі (University College London)

Қазақстандық университеттердің QS-2021 рейтингіндегі орны

163 ал-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті	601-650 Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті
351 ЛГУ им. Ш. Уәлихановтың атындағы Бұрзия ұлттық университеті	751-800 Қазақстан-Британ техникалық университеті
490 М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті	751-800 КИМЭП университеті
541-550 Сәтпаев университеті	801-1000 Қарағанды мемлекеттік техникалық университеті
591-600 Қазақ ұлттық аграрлық университеті	801-1000 Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университеті

Илон Маск қазақстандық студенттермен кездеседі. Иә, адамзатқа үміт сыйлаған танымал кәсіпкер 1 мамырда онлайн-режимде студенттермен 15-20 минуттай жүздеспекші. Еуропалық экономика және бизнес жоғары колледжінің құрылтайшысы Талғат Төрәмұратовтың айтуынша, уақыты тығыз, әрбір минуты есептеулі өнертапқыштың менеджерлерімен келіссөз 7 айға созылған. Сондай-ақ кез келген адам ZOOM конференциясына сілтеме алып, дәріске қатыса алады. Дегенмен конференциядағы орын саны шектеулі, бар-жоғы 1006 адамға арналған.



karkynktem@gmail.com

Көктем ҚАРҚЫН

Бүгінде оны танымайтын адам жоқтың қасы. Бірі болашақтан келген көріпкел десе, бірі «пайғамбарға» балап жүр. Бақалар пандемия мен климаттың өзгеруіне алаңдаған кезде ол ғарышты игеруді, өздігінен жүретін электромобильдерді шығаруды қолға алды. Біз бүгін әлемдегі ең бай кәсіпкер, өнертапқыш, инновациялық жобаларды инвестициялайтын бизнес-магнат Илон Маск жайлы сөз етеміз.

Қатарластарынан өзгеше ойлайтын кәсіпкер алғашқы компьютерін 9 жасында алып, бағдарлама жасаумен әуестенді. 12 жасында шутер-видео ойынның жасап, 500 долларға сатты. Бала болса да бірінші табысын тәттілерге жұмсамай, компания акциясын сатып алған. Илонды тіреп тұрған мықты танысы да, қалтасына сыймай бара жатқан көп ақшасы да жоқ еді. Оңтүстік Африкадан Канадаға көшіп келген студенттік жылдары күніне бір-ақ доллармен күн көрді. Хот-дог пен апельсиннен басқа жеуге азығы да болмаған. Алайда Илон Маск алған бетінен қайтпады. Жаңа жобалар ойлап тапты, компания ашты, банкротқа ұшыраса да, еш сәтсіздіктерге қарамастан бәрін қайта басынан бастап отырды. Илон Маск 2016 жылы Twitter желісінде «The Boring Company» жобасын бастайтын жазды. Қазақшалақ, «Іш пыстырарлық компания» деген мағына береді. Бұл атауды жоба авторы алғашқыда әзіл ретінде шығарса да, кейін біраз жетістікке жетіп үлгерді.

МАРСТЫ ОТАРЛАУ НЕМЕСЕ ПЛАНЕТААРАЛЫҚ ӨРКЕНИЕТ

Ғылыми фантастика фанаты Маск жәндіктердің ұшуы мен өмір сүру ерекшеліктеріне қарап отырып, SpaceX зымыранын Марсқа ұшыру туралы идеясын ойлап табады. Ол ең әуелі тышқан мен өсімдікті ғарышқа жіберу мақсатында есептеп шығарылған кеңестік зымырандарды сатып алуды көздеді. Алайда ресейліктер зымырандардың әрқайсысына 8 миллион доллар сұрады. Кәсіпкер үшін бұл тосын-

нан келген соққы еді. Себебі компания қаражаты аталған соманы төлеуге жетпейтін. Маск, ойлана келе, ғарышқа ұшыратын зымыранды өзім жасап шығарсам, арзанға түседі деп шешті. 2016 жылы өнертапқыш SpaceX компаниясы алдағы тоғыз жылда Марсқа рейстер ұйымдастырады деп уәде берді. Ол тіпті еріктілерді ғарышқа жіберудің егжей-тегжейлі жоспары мен Mars Colonial Transporter шеңберіндегі рейстер кестесін таныстырды. Өткен жылдың қазан айында 2024 жылы уәде еткен алғашқы рейстің ұшатынын мәлімдеді. «Аталған күн кездейсоқ таңдалмады. Болжамдарға сәйкес, 2024 жылы Жер Марсқа жақындайды. Мұндай «Бастау терезесі» әр 26 айда пайда болады. Сәйкесінше, біз зымыран отынын едәуір үнемдейміз» дейді Илон Маск.

Алғашқы SpaceX Starship зымыраны экипажсыз жіберіледі. Оны айға ұшу үшін де қайта қолдануға болады екен. Алты жылдан кейін ғана алғашқы экипаж мүшелері Марсқа жетеді. Зымыран барлығы 100 тоннаға дейін, 100-ге жуық адамды тасымалдауға қабілетті. Кәсіпкердің айтуынша, адамзаттың Марсты отарлауы тек космонавтикадағы серпіліс қана емес. Алда-жалда жер бетінде Үшінші дүниежүзілік соғыс басталса, адамзатты құтқару үшін тіршілікті басқа ғаламшарда жандандыру керек. Масктың басты мақсаты – адамзаттың кез келген планетада өмір сүре алатынын дәлелдеу.

МҰНАЙДЫ ЭНЕРГИЯ АЛМАСТЫРАДЫ

Илон Масктың ерекше өнертапқышының бірі – Tesla электромобиль өндірісі. Технология әлемінің инжу-маржаны саналатын Tesla құрылғаннан бері 18 жылдың ішінде компания төрт мыңға жуық электромобиль жасаған, жалпы айналымы – 35 миллиард доллар. 2008 жылы Tesla жинаған қаражатын жоғалтқан үстіне жоғалта берді. Ал SpaceX зымыранын ұшыру ісі сәтсіз аяқталды. «Бұл менің өмірімдегі ең нашар жылдар болды» дейді Илонның өзі. Ол осы кездері отбасын асырау үшін



СІЗ КІМСІЗ, ИЛОН МАСК?

несие алуға мәжбүр болған екен. Өнертапқыштың сөзінше, болашақта көптеген көлік аккумулятор арқылы жүріп, фабрикалар күн энергиясы арқылы жұмыс істейді. 2006 жылы Маск электромобильді таныстырған кезде көбі оның жобасына күдікпен қараған. Ал бүгінде жаңа Tesla автомобильдері толығымен автономды. Бұл дегеніміз олар адамның бақылауына қарамай басқарылуы өз мойнына ала алады.

Өздігінен жүретін көліктер миллиондаған кәсіби жүргізушілер мен курьерлерді жұмысыз қалдырады. Маск автомобильдер автономиясын арттыруна байланысты алдағы 20 жылда адамдардың 15 пайызы жұмысыз қалады деп болжайды. Сондай-ақ бұл роботаксидің әрқайсысы иесіне жылына 30 мың долларға дейін пайда әкеледі. Он жылдан кейін АҚШ-тағы жаңа көліктердің жартысы электрлі болады. Сұйық отынмен тек зымырандар жұмыс істейді.

МИМЕН ЖАБДЫҚТАРДЫ БАСҚАРАМЫЗ

Жақында Маск жарақат алған немесе психикалық аурулары бар адамдарға көмектесу үшін миға имплантациялауға болатын Neuralink чипін ұсынды. Кәсіпкер болашақта миымызды нейронинтерфейс, компьютер немесе смартфон арқылы басқара алатынымызға сенімді. Бұл танымал «Қара айна» сериалындағыдай суреттерді және кез келген басқа апаратты жадтан алуға мүмкіндік береді. Сосын бізге суретке түсірудің, тілдерді жарыса үйренудің немесе кітап оқудың еш қажеті болмай қалады. Себебі мұның бәрін миыңыздан тікелей алуға болады. Сонымен қатар музыка мен видеоны мидан миға bluetooth-бен таратқандай жібере аламыз. Бұл – болашақта орындалуы мүмкін Масктың тағы бір жобасы.

ЖАСАНДЫ САНА ЯДРОЛЫҚ ҚАРУДАН ДА ҚАУІПТІ

Танымал актер Уилл Смит ойнайтын «Мен роботпын» деген фильмді сіз де көрген шығарсыз. Кино 2035 жылы роботтардың күнделікті өміріміздің бір бөлшегіне айналатыны туралы баяндайды. Бір күні сол жасанды санаға ие роботтар өздерін адамнан күшті санап, қожайының бұйрықтарын елемей, бүкіл қаланы басып алуға ұмтылады. Оқиға полиция мен роботтың арасындағы қақтығыс аясында өрбиді. Автоматтандырудың тағы бір салдары – жасанды сана мен адам арасындағы бәсекелестік. Илон Масктың басты қорқынышы – жасанды сананың адамдарды жұмысыз қалдыруы ғана емес, жер бетінен біржолата жойып жіберу қаупі. Масктың айтуынша, бес жылдан кейін жасанды сана адамнан асып түсіп, орасан зор салдарға ұласуы мүмкін.

«Ерте ме, кеш пе, кездесетін ең үлкен қауіп – жасанды сана. Жол-көлік оқиғасы, әуе апаттары, сапасыз дәрі немесе дұрыс тамақтанбау мұның қасында еш қауіпті емес. Ал жасанды санадан келер қауіп адамзат баласын түгелдей жойып жіберуі мүмкін. Қоғам үшін зияны ұшан-теңіз. Осыны қадағалайтын неге бірде-бір ұйым жоқ?» дейді кәсіпкер.

Айта кетейік, жасанды сана жыл санап дамып келеді. Қазірдің өзінде осы бағыт бойынша неше түрлі бағдарламалар жасалып үлгерді. Жан-жағымызды жаулап алды десек те қателеспейміз. Қарапайым ғана бәріміз білетін Siri мен «Сәлем, Google» іздеу жүйелерін айтуға болады. Жалпы ұғымыда, жасанды сана – сіздің сұрағыңызды ұғып, оған нақты жауап іздеуге негізделген компьютер.

КЕШТЕЛІСТЕН ҚҰТЫЛУДЫҢ ЖОЛЫ

Илон Маск тек ғарыш нысандарымен ғана емес,



Маск автомобильдер автономиясының артуына байланысты алдағы 20 жылда адамдардың 15 пайызы жұмысыз қалады деп болжайды. Сондай-ақ бұл роботаксидің әрқайсысы иесіне жылына 30 мың долларға дейін пайда әкеледі

сондай-ақ жерасты жолдарымен де айналысады. 2016 жылы The Boring Company электромашиналарын жоғары жылдамдықпен қозғалтуға арналған жерасты тоннельдері жүйесін құрастырды. Масктың ойынша, бұл жоба арқылы автокөліктер арнайы лифтімен жерасты жолына түсіп, еш кештеліссіз және бағдаршамсыз диттеген жеріне жетеді. 2018 жылы 19 желтоқсанда The Boring Company ресми түрде Лос-Анджелесте ең бірінші жерасты тоннелін ашты. Ол жолмен алғашқылардың бірі болып Маск Tesla электромобилімен өткен. Артынша кәсіпкер жерасты жолмен арнайы дөңгелек орнатқан кез келген көлік жүре алатынын мәлімдеді. Сондай-ақ Маск арнайы вакуумдық тоннель арқылы жылдам қозғалатын Hyperloop жойым концепциясын ұсынған. Масктың сөзінше, көліктің бұл түрі ұшақтан екі есе және заманауи жүрдек пойызға қарағанда төрт есе жылдам болады. Жаңа көлік түрімен Лос-Анджелестен Сан-Францискоға дейін (шамамен 550 шақырым) жарты сағатта жетеді. Масктың бұл жобасы әзірге толық іске аспаған. Бүгінде тек жаңа көлік алғашқы сынақтан сәтті өтті. Hyperloop-қа әлемнің жетекші елдері айрықша қызығушылық танытып отыр.

БОЛАШАҚТЫҢ МЕКТЕБІ

2014 жылы Илон Маск Ad Astra атты жекеменшік мектебін ашты. Оның ең алғашқы оқушылары өзінің балалары еді. Қазір онда тек SpaceX қызметкерлерінің 40-тан астам баласы білім алады. Мектептің білім беру жүйесінің негізгі 7 ұстанымы бар. «Менің мектебimde баға қойылмайды. Баға қою баланың құндылықтарын әлсіретеді» дейді Маск. Есесіне ad Astra мектебінің өз валютасы бар. Оны есепті дұрыс шешкені үшін емес, идеяларын жүзеге асыра алғанына береді. Жоғары білім оқушының мақсаты болмауы керек. Бұл – мектептің келесі қағидасы. Атақты Стив Джобс пен Билл Гейтстың дипломдары жоқ. Дегенмен олар бүкіл әлемді аузына қаратты. Сондықтан Масктың шәкірттері бір жапырақ қағазға қарағанда негізгі білімге көп мән береді. «Тесттер америкалық білімнің түбіне

БАТЫР АУЫЛЫН БІЛЕСІЗ БЕ?

Бұл елді мекен – астанадан Бурабай бағытына шыққанда тоқсан шақырымдай жерде орналасқан Еңбек ауылы. Бұл – Кеңес Одағының Батыры, Қазақстан Республикасының Халық Қаһарманы, егемен еліміздің тұңғыш Қорғаныс министрі, армия генералы Сағадат Нұрмағамбетов ағамыздың туған жері.

Кезінде өзінің қатысуымен туған жерінде мерейтойлары атап өтілді. Ол кісі 2013 жылы 89 жасында дүние салды. Сол тасқолмен Еңбек ауылының тұсынан өтіп жүріп, жолаушылардың басым көпшілігі батырдың туған жері екенін білмейтіндігіне көзім жетті. Осы кемістікті қалай жою керек екендігін ойлап жүріп, кішкене бағдарламаның жобасын жасап, аудан әкіміне ұсыныс білдіріп, қолдау таптым. Бұл жобаны іске асыру үшін біраз қаржы қажет еді. Демеуші табу үшін батыр ағамыздың атындағы «Жас ұлан» мектебіне бірнеше рет бардым, ақырында «бізде артық қаржымыз жоқ» деген жауап алдым. Содан кейін Қорғаныс министрлігінің кейбір азаматтарымен сөйлесіп едім, олар да мүмкіншілігі жоқтығын білдірді. Үмітімді үзбей Алматыдағы Сағадат Нұрмағамбетов атындағы



халықаралық қордың президенті Махмұт Нәлібаев мырамен байланысып едім, көңілдім демеп, көмектесетінін жеткізді. Бұл кісі өзінің көмекшісі Қали Бүркітбайұлы жібериіп, екеуміз Ақмола облысы әкімінің қабылдауында болып, мектеп пен мәдениет үйін күрделі жөндеуге қаражат

сұрап алдық. Таяуда Еңбек ауылына барғанымда, мектеп директоры Қ.Баймолдина айтады: «...мен осы мектепте қырық жылдан астам қызмет істеймін, мұндай жөндеу жұмысы ешуақытта болған емес. Ұстаздар да, оқушылар да, ата-аналар да дән риза... Осындай алғыс айтқан сөзді ауыл тұрғындарынан көп естідім. Жалпы айтайын дегенім, Сағадат ағамыздың жерлестері облыс әкімі Ермек Маржықбаевқа ризашылықтарын білдіреді. Осы бағдарлама бойынша ауылға дейінгі төрт шақырым жолды жөндеу, орталық көшені жарықтандыру, автобаннның Еңбек ауылы тұсына билборд қою

қарастырылған болатын. Осы жұмыстарды аудан әкімі Алпысбай Қуандықұлы жергілікті бюджеттен қаржы бөліріп, абыроймен орындап шықты. Мәдениет үйінде Сағадат Нұрмағамбетов музейі жабдықталып жатыр. Осы шаруалардың уақытында сапалы орындалуын қадағалап, тіпті кейбір басырлармен сөзге келіп қалып жүрген Еңбек ауылының әкімі Сағындық Абахановқа және де осы ауқымды істерді атқаруда өз үлестерін қосып жатқан ауыл азаматтарына зор ризашылығымды білдіргім келеді.

Енді бітпеген бір-екі шаруа бар. Оны батыр ағамыздың алдағы туған күніне қарай, Жеңіс мерекесіне дейін атқарылады деп сеніммен қараймын. Сағадат Қожахметұлының ауылына келіңіздер, батыр туралы біраз мағлұмат аласыздар ғой деп ойлаймын.

Еркін ДӘУЕШҰЛЫ,
Ақмола облысы
Ақкөл ауданының
құрметті азаматы

ЗАРЛЫ ШЕЖІРЕ ЖАЗЫЛУЫ ТИС

Осыдан біраз жыл бұрын елорданың іргесінде бие байлап, қымыз баптап отырған апаймен кездесіп, сұхбат алдым. Бәрінен бұрын қымызшы апайдың енесінен естіген әңгімесі есімде қалыпты.

uaisova.a@mail.ru

Айгүл УАЙСОВА

Ұлы жұт. Тамағына талғажу таппай аштық қысып, көзі қарайған Семей өңірін жайлаған шағын ауыл дүрліге көтеріліп, бас-басына босып кетеді. Құр сулдерін зорға сүйретіп жүргендердің ішінде емізулі нәрестесі барлар ауыл шетіндегі құдыққа тірдей балаларын тастап, беті ауған жаққа кетіпті. Қымызшы апамыздың енесі де баласын құшақтап құдыққа келеді. Үңіліп қараса, балық секілді шүпірлеп, судың бетінде қалқыған балаға толы екен. Аштықтан қарны күп болып, көк тамыры білеуленіп кеткен құшағындағы сабын құдыққа тастай алмай, жас келін құдықтың басына үш келіп, үш рет кетеді... «Мың күн аштықтың бір күн тоқтығы бар» деген. Соңғы дәмі құдықтың мұздай суы болмаған сол бала жетіліп, азамат болып, артында ұрпағы көбейіп, бүгінге өсіп-өніп жетіп отыр. Қымыздың

бабын енесінен біліп, қымызшы апамыз елордада ата кәсібін дөңгелетуде.

Елордалық Бостан Шаханов ағамыз аштықтан кейін тұралап қалған шағын ауылда дүниеге келеді. Аштықтың зардабынан есенгіреп қалған елде көптен бері келіншектің бала көтермей, бесік жыры айтылмай қалған кез екен. Жақсылықтың алғашқы қарлығашындай дүние есігін ашқан бала бүкіл ауылдың мауқын басқан сүйкімді сабына айналады. Көпшінін жұмыстан қолы босағанда ауылдастары нәрестені әке-шешесінен сұрап алып, қойындарына салып алып кетеді екен. Сөйтпін бүкіл ауылдың ортақ баласы болған Бостан ағамыз бүгінде тоқсанға жақындап қалды.

Ашаршылықтың көп әңгімесі айтылған жоқ. Газетімдің авторы Зиябек Қабалдынов ұлы жұттың тарихын зерделеу туралы жаңа пікірлер айтты. Толық құлтаймыз, тарихымыздың зарлы жылдарының шежіресі жазылуы тиіс.

БАЙДЫҢ ҚАШҚАН ҚАДІРІН ҚАШАН ҚАЙТАРАМЫЗ?

Жаңылмасам, белгілі абайтанушы ғалым Омар Жәлелұлының әйгілі тележурналист, марқұм Нұртілеу Иманғалиұлына берген сұхбатында «Қазақ – қадірі қашқан ұлт. Қазақ өз тілін өзі құрметтеуі үшін алдымен қазақтың қадірін қайтару керек!» деген еді. Айтып-айтпай не керек, біз «бай» мен «саудагер» деген мәртебелі, қадірлі ұғымды санамыздан әлдеқашан өшіріп алған елміз.

Отаршылдық саясат пен жетпіс жылдық коммунистік жүйе үстемдігі ұлттымыздың мінез-құлқын, көзқарасын, тілін, ділін көп өзгеріске ұшыратты. Соның салдарынан ұлттымыз теңінде өзі жақсы көретін дүниені жек көретін, өзі ұнатпайтын нәрсені керісінше жақсы көретін «ғажайып» мінез-құлқты қалыптастырды. Бұл бізді өз құндылығымыздан жерітіп, дербес, тәуелсіз ойлау бағытымыздан айырды.

Тәуелсіздік алған соң, етек-жеңімізді жинап, өз-өзімізді тани бастадық. Бірақ өзгерген мінезіміз, шұбарланған тіліміз, дәстүрлі дініміз, ұлттық құндылығымыз өз орнына түгел қайтып келе қойған жоқ. Ақын Көдек Маралбайұлы «1932» деген өлеңінде:

«Большевик шу дегенде байды құртты,
Байлардан мініп тұрған тайды құртты.
Кедейді де, басқаны да жемпескелеп,
Қытайдан келіп тұрған шайды құртты, – деп сол кездегі жағдайды айныпай жырлаған еді. Көдек ақынның бұл өлеңі сол кездегі нағыз шындық болатын. Қызыл коммунистер байлардың бүкіл малын тартып алып, өздерін атып, одан қалғанын итжеккенге айдап, тентіретіп жіберді. Сонымен бірге, «байлардан тай мініп тұрған» кедей-кепшіктің ұрпақтарына бай мен саудагерді «құбыжық» етіп көрсетіп, бұрынғы «бермесе де бай жақсы, жемесе де май жақсы» дейтін жарасымды, берекелі қоғамдық құндылықтың тас-талқанын шығарды. Сөйтіп кейінгі ұрпаққа бай мен саудагердің сол кездегі қазақтың ақсүйектері мен нағыз интеллигенті, елдің құрметке лайық ұйытқысы екенін мүлдем ұмыттырып жіберді.

Қылышынан қан тамған Кеңес Одағы құлап, қазақ өз тәуелсіздігін алғаннан бастап елдің басынан ұшқан бақ құсы қайта қона бастады. Бір бөлім азаматтарының «өрісі малға,

қамбасы дәнге» толды. Қайтадан жаңа байлар пайда болды. Қоғам бай мен кедей деп екіге бөлініп, қазақ халқы қайтадан нағыз диалектикалы шынайы қоғамға аяқ басты. Алайда сол бай мен саудагер деген атауды естисек, оларды құрметтеудің орнына, жиіркенсе қарайтын пролетарлық санадан әлі құтыла алмай келеміз. Бұл – бізге үш ұрпақ бойы сіңірілген баяғы коммунистік идеяның әсері. Керек десеңіз, ел экономикасы туралап, халықтың әл-ауқаты төмендеген тұста, еліміздегі бай мен кедейдің арасын алшақтатып, бір-біріне айдап салатындар тіптен көбейді. Жалпы ақпаратта бай мен саудагерді «құбыжық», «қансорғыш» етіп көрсету етек алды.

Әрине, мұндай ауқымның қалыптасуының да өзіндік негізі бар. Ол – тәуелсіздіктің алғашқы кезеңінде мемлекеттік биліктегі мүмкіндіктерінен пайдаланып, кейбір адамдардың мемлекеттің активтерін басып қалып, аяқастынан байып шыға келгендігі. Ал екінші бір топ заңсыз қарақшылықпен бай болды. Одан қала берді жемқорлықпен байып, кейін кәсіпкер болып кетті. Бұл жағдайды көзімен көргендердің бай мен саудагерге құрмет сезімін болмауы – түсінікті жағдай.

Бірақ қандай жолмен байыса да, олар өзінің іскерлігімен отыз жылдық аумалы-төкпелі заманда мейірімсіз нарықтың толқынына батып кетпей, өзіне берілген мүмкіндікті жақсы пайдалана білді. Міне, қазір олар неше мың адамды жұмыспен қамтыған, мемлекетке миллиондап салық тапсырған ұлттық буржуазия болып жетілді. Анығырақ айтсақ, олар басқарған өндірістер мемлекет экономикасындағы жетекші кәсіпорындарға айналды. Олардың арасында таза, адал еңбекпен, маңдай терімен ақшасын тиындап құрап, бірді екеу етіп, саудасын дөңгелетіп байыған аумақтарымыз да аз емес. Ендігі жерде бай мен



саудагерді большевиктерше БАҚ-ға «құбыжық» етіп көрсетіп, олардың жағымсыз образын қалыптастыру енді кімге керек? Бұдан не ұтамыз? Керісінше, ұтыламыз. Кедейленгеннің үстіне кедейленеміз.

Мен қоғамдық ақпаратта еліміздің байларын жағымсыз тұлға етіп көрсетіп, олардың сары ізіне шөп салудың мынадай бірнеше түрлі зияны барын айтқым келеді:

Бірінші, бұл үрдіс байларды еліміздің болашағына образын танытуға жетелейді. Сонымен, олардың ішкі нарыққа салуға тиісті қаржысы сыртқа ағылады. Екінші, байларды ізгілікке жетелеуге, қоғамдық қайырымдылыққа шақыру тиімсіз. Қазақ – «жаным десе, жан семіреді» деп

Бұрынғы қазақтың «жетімін жылатпай, жесірін қаңғырпауы» сол замандағы өз ауылынан қаңғырған жесір мен жылаған жетімнің көз жасын көруден арланатын қазақ байларының арқасы емес пе еді?! Енді сол дәстүрлі байларымызды қайта тірілту үшін ең алдымен ұрпақтың санасына бай мен саудагердің дұрыс образын қалыптастыру қажет.

Үшінші, ұрпақ тәрбиесінде ата-аналарды теріс бағытқа бұрады. Бұл ата-ананың ұрпағын бай болуға баулымай, керісінше, «ақша – қолдың кірі» деп, «кедей әкенің» тәрбиесін беріп, тек мансап қууға, шүкіршілік етуге жетектейді. Бұл – мына ғасырда аса қауіпті қателік.

Егер бай мен саудагердің қадір-құрметі бүкіл қоғамда мойындалса, онда ата-ана ұрпағына «ақша бәрін шешпейді, бірақ ақшасыз ештеңе шешілмейді» деп баласын сауда істеп, адал еңбек етіп бай болуға баулытын «бай әкенің» тәрбиесін береді. «Даудың басы – Дайрабайдың көк сиыры» демекші, пәленің басы – байлықта емес, кедейлікте. Жасыратыны жоқ, ақпараттық кеңістігімізде, бір қырынан қарағанда, күнде думан, күнде той жасайтын кеңестік жүйенің мәдениет-көркемөнер саласына басымдық беретін дәстүр әлі жалғасып келе жатыр. Сол арқылы халықтың мұң-мұқтажын ұмыттыруға тырысатындай әлдекіміздер. Қазіргі телеарналарымызда шоу-бағдарламалардың көптігінен көз сүрінеді. Сонымен бірге, мәдениет саласы мереке-мейрам сайын ақын-жазушы мен әнші-күйшілерге арзан атақтар мен медальдарды топ-тобымен таратып, марапаттап жатады. Ал экономика-сауда саласында күні-түні аянбай еңбек етіп, мемлекетке салығын тапсырып, қаншама адамды жұмыспен қамтып, мемлекеттің гүлденуіне талмай еңбек етіп келе жатқан кәсіпкерлерімізді олар өздері үшін байып жатыр деген пікір үстем.

Қазір кәсіпкерлікке байланысты беріліп келе жатқан марапат мүлдем жоқ емес, бар. Бірақ жеткіліксіз, мардымсыз. Президент Қ.Тоқаев Үкіметтің кеңейтілген отырысында «Шағын және орта бизнесстің ахуалы қандай болса – халықтың жағдайы да сондай» деп ашып

айтты. Негізі, қолдау-қуаттау, рухани шабыт беру алпауыт компанияларға ғана емес, іс жүзінде енді өсіп келе жатқан шағын-орта кәсіпорындарға көбірек керек.

Мен он адамнан артық жұмыскері бар немесе жылына бес миллион теңгеден жоғары салық тапсыратын шағын-орта кәсіпорын иелерін байлар қатарына қосар едім. Олар – болашақта елдің экономикасына алға сүйрейтін жетекші күш. Сондықтан әр жердің экономика-сауда жауапты ведомстволары өз аумағындағы осындай орта-шағын кәсіпорындарымен тығыз қатынаста болып, олардың тыныс-тіршілігімен танысып, мемлекеттің тиімді саясаттарын таныстырып, өсіп-өркендеуіне қолғабыс етіп, жылдың соңында заң талаптарын берік сақтаған кәсіпорын иелерін лайықты марапаттап отырса жақсы болар еді. Ол марапат кәсіпорын мен кәсіпкердің мемлекеттік гранттар мен мемлекеттік тендерлерге қатысуына да өз септігін тигізетін тетік қалыптастырған жөн. Бұл – кәсіпкерге мемлекет тарапынан жасалған үлкен құрмет.

Мемлекеттің бай болуы, біріншіден, мемлекеттің тыныш ынтымағының кепілі. Екіншіден, басқа елдермен терезесін теңестірудің кепілі. Әлемде бір елдің екінші елмен терезесі тең болуы үшін ең алдымен оның экономикасы тең болуы қажет. Сол кезде ғана тепе-тең түрде өзара құрметпен қарайтын дипломатиялық қарым-қатынас жасауға болады. Әйтпегенде экономикасы нашар ел экономикасы күшті елдің қабағына қарағаны қараған.

Қысқасы, бай мен саудагер – мемлекет экономикасының қозғаушы күші. Мемлекеттің қуаттылығы мемлекеттегі байлардың байлығымен өлшенеді. Халықтың жұмыспен қамтылып, мамыражай тірлік етуі және сол байлардың шаруашылығының шайқуына байланысты. Сондықтан мемлекет және бүкіл ел болып «бай» және «кәсіпкер» деген ұғымға дұрыс көзқарас қалыптастырып, ұрпақты арзан құлға мен мәнсіз ойын-сауық, мансап қууға емес, бай болуға тәрбиелеу – бүгінгі талабы, болашақтың кепілі.

Ербосын НҰРМҰХАНҰЛЫ, кәсіпкер

ЖАЗЫЛҒАН ЖАЙДЫҢ ЖАҢҒЫРЫҒЫ

ВАКЦИНА ҮЛКЕН САЯСАТТЫҢ ҚАРУЫНА АЙНАЛДЫ МА?

Төлен ТІЛЕУБАЙ №12 (4136), 2 ақпан, 2021

Oldas NURSULTAN:

– Адамзат Жаратушысын еске алмай, осылай құтырына берсе, бұл вирустан да зорын жібереді. Жағдай жақсармайды, қайта әр күн өткен сайын күні қиындай бермек. Өз басым вакцинаны салдырғым келмейді, себебі ол әлі «іспеген», ұзақ уақыт тәжірибе-сынақтан өтпеген вакцина әдетте 3 не 5 жыл сынақтан өткен соң салады, бұл жолы ғажайып боп тұр! Ал бұл вакцина 3 ай сынақтан да өтпеген, недей кері зер беретіні әлі анық емес. АҚШ-та бір танымал адам елді вакцина салдыруға шабыттандырмақ боп вакцина салдырғаннан кейін, 16 күннен соң вакцинаның кері әсерінен көз жұмды. Еуропада тағы бір адам вакцина салдырып, басқа ауруға душар болды. Бұл – тек кейбір қысқарғандық кері әсерлері, ал ұзақ уақыт барысында не көрсетеді, белгісіз...

АҚШ-та вирус жайлы өте үлкен өтірік бар... рақтан, жүректен қайтыс болғандарды, тіпті қатынас уақытынан өлгендерді де коронавирустан өлді деп тіркей беретін жағдай өте көп. Сондықтан ненің шын, ненің өтірік екенін айыру қиын боп тұр. Вакцина толық әрі ұзақ уақыт сынақтан өткен соң салдырса да кеш емес, тіпті вакцина ешбір мәселені де шеше алмауы мүмкін. Бірін уақыт төреші көрсететін болады.

6 ШАҚПАРАП

ВАКЦИНА ҮЛКЕН САЯСАТТЫҢ ҚАРУЫНА АЙНАЛДЫ МА?



Tangatar ERKINBEK:

– Вакцина да саяси ойынға айналған екен, солай болады да, бәрі өз өнімін сатып, ақша табуды көздейді.

ПОЛИЭТИЛЕН ПАКЕТТЕН ҚАШАН ҚҰТЫЛАМЫЗ?

Наима НУРАЛЫҚЫЗЫ №20 (4144), 20 ақпан, 2021

Aitkul BAISEITOVA:

– Бәрін оқып шықтым. Өзекті мәселе! Үлкен супермаркет, сауда алаңдары, т. б. орталықтар назар аударып, қолға алады деп ойлаймын. Оқыған қыз-келіншектер де енді биопакетке тапсырыс беретіні хақ. Ендеше неге биопакеттер тиімді, пайдасы болса, жарнама жасап, елдің көзін ашпасақ?!

МӘСЕЛЕ 9

ПОЛИЭТИЛЕН ПАКЕТТЕН ҚАШАН ҚҰТЫЛАМЫЗ?



ПӘТЕР МЕН КӨЛІК НЕГЕ ҚЫМБАТТАДЫ?

Ербосын НҰРМҰХАН №13 (4137), 4 ақпан, 2021

Arlan KANAGATOV:

– Жан-жақты жақсы жазылған мақала! Тек осы біздің елдің экономикасы туралы ойлағым келмейтін болды кейінгі кезде. Көбі экономика ғылымының заңдылықтары мен принциптеріне қарама-қайшы болып жатады. Сонда мен дұрыс білім алмадым ба, жоқ жоғарыда отырған азаматтар дұрыс алмады ма деп екі ойдың ортасынан шыға алмай көп жүрем. Әйтпесе ішінде біреуі болсын ел экономикасының дамуына тиімді бір дұрыс жолды көрсетер еді ғой деп ойлаймын да қоямын...

Asilbek QAYSAR:

– Көлік бағасының қымбаттауы кедендік салықтың жоғары болуынан және отандық машина жасау саласындағы монополиядан құтыла алмай отырғаннан болып отыр.

МӘСЕЛЕ 7

ПӘТЕР МЕН КӨЛІК НЕГЕ ҚЫМБАТТАДЫ?



Зиябек ҚАБЫЛДИНОВ №17 (4141), 13 ақпан, 2021

Боранбай МАЖЕНОВ:

– Екі ашаршылықты коммунистер қолдан жасады. Халықтың қолындағы малын тартып алып Мәскеу мен Ленинградты аштықтан құтқарып, қазақты қырғынға ұшыратты. Бұл барып тұрған геноцид болды. Үкімет меймәңкелемей, бұл оқиғаға геноцид деп баға берулері керек.

ҚАЗАҚ ФУТБОЛЫНЫҢ КӨСЕГЕСІ ҚАЛАЙ КӨГЕРЕДІ?

Қадырбек КӘКІМҰЛЫ №20 (4144), 20 ақпан, 2021

10 СПОРТ



Бейбіт ЖҰМАЖАН:

– Қадеке, футболымыздың өркендемеуі себептерін нақты көрсетіңіз. Сапасыз легионерлерге жұмсалған миллиардтар «Астананы» күйретті. Жаңа маусым қарсаңында барлық клубтар тағы да легионерлерге қыруар қаражат жұмсап жатыр. Мықты базасы бар «Қайрат» клубы қандай легионер алам десе-дағы жағдайы көтереді. Қостанай әкімдігі «Тобылға» жабық стадион салып берді және жыл сайын жергілікті ойыншыларды командаға көптеп тартады. «Астанада» база түгелі, стадион да жоқ.

Rustem NURKENOV:

– Футболға бөлінген ақшаны жемеу керек, болды. Қалғанның бәрі ретімен шешіледі.

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТШІЛЕР, БЮДЖЕТТІК ҰЙЫМДАРДЫҢ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ, ӘСКЕРИ ҚЫЗМЕТШІЛЕР, ҒАРЫШКЕРЛІККЕ КАНДИДАТТАР, ҒАРЫШКЕРЛЕР, АРНАУЛЫ МЕМЛЕКЕТТІК ОРГАНДАРДЫҢ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ ЖӘНЕ МЕМЛЕКЕТТІК САЙЛАНБАЛЫ ҚЫЗМЕТ АТҚАРАТЫН АДАМДАРДЫҢ ТІЗІМІ

(Жалғасы. Басы газеттің №27 (4151) санында)

Азаматтардың кезектілігі 2020 жылғы 28 ақпандағы жағдай бойынша берілді.

Table with columns for ID, Name, Date, and Description. It lists various individuals and their roles in government and military service.

Table with columns: ID, Name, Date, Description. Contains entries 15660-15699.

Table with columns: ID, Name, Date, Description. Contains entries 15698-15739.

Table with columns: ID, Name, Date, Description. Contains entries 15736-15740.

(Жалғасы бар)

ЗАМАНЫМЫЗДЫҢ ӨНЕГЕЛІ АБЗАЛ АЗАМАТЫ



Құрметті Есболат Қасымұлы!

Нұр-Сұлтан қалалық Ардагерлер кеңесі Сізді өміріңіздің тағы да бір асқар кезеңі, айтулы да елеулі оқиға – 75 жылдық мерейтойыңызбен шын жүректен құттықтайды! 1946 жылы Ақмола облысы Аққөл ауданы Өрнек ауылында дүниеге келіп, 1963 жылы еңбек жолыңызды қарапайым механизатор болып бастадыңыз. 1965 жылы Целиноград ауыл шаруашылығы институтына түсіп, 1970 жылы зоотехник мамандығын алып, оны тәмамдап шықтыңыз. Институттан кейін 1970-1971 жж. Ақмола облысы Макин ауданы «Заветы Ильича» совхозында бөлімше зоотехнигі, 1971-1979 жж. Макин мал бордаққылау мамандандырылған шаруашылығының бас зоотехнигі, 1979-1997 жж. Сілеті ауданының ауыл шаруашылығы басқармасының бас зоотехнигі, басшысының орынбасары, басшысы болып қызмет атқардыңыз. 1997 жылдан бастап 2009 жылға дейін Сіз Ақмола облысының бірқатар ірі шаруашылықтарын басқардыңыз. Зейнеткерлікке шыққаннан кейін қоғамдық жұмыстарға белсене қатысып жүрсіз. 2010 жылдан бүгінге дейін Нұр-Сұлтан қалалық Ардагерлер кеңесінің кеңесшісі, ал 2014 жылдан бері төраға орынбасары қызметін ойдағыдай атқарып жүрсіз. Сізді, Есболат Қасымұлы, қызметтің қай саласын атқарсаңыз да, қажыр мен қайратты, міндет пен парызды қатар ұстап жүрген,



НҰР-СҰЛТАН ҚАЛАСЫ ӘКІМДІГІНІҢ ҚАУЛЫСЫ

Нұр-Сұлтан қаласы 10.03.2021 №510-825

«Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін мәжбүрлеп иеліктен шығару (сатып алу) туралы» Астана қаласы әкімдігінің 2018 жылғы 15 қазандағы № 510-1716 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 20 маусымдағы Жер кодексінің 84-бабына, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 37-бабына, «Қазақстан Республикасы астанасының мәртебесі туралы» 2007 жылғы 21 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 9-бабына, «Мемлекеттік мүлік туралы» 2011 жылғы 1 наурыздағы Қазақстан Республикасы Заңының 63-бабына сәйкес, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 15 тамыздағы № 1064 қаулысымен бекітілген Астана қаласының бас жоғары іске асыру мақсатында Нұр-Сұлтан қаласының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ: 1. «Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін мәжбүрлеп иеліктен шығару (сатып алу) туралы» Астана қаласы әкімдігінің 2018 жылғы 15 қазандағы № 510-1716 қаулысына мынадай өзгерістер енгізілсін: жоғарыда көрсетілген қаулыда: 1-тармақта: «2019 жылғы 28 қаңтардан бастап 2020 жылғы 28 қаңтарға дейін» деген сөздер мен сөздер «2021 жылғы 18 маусымнан бастап 2022 жылғы 18 маусымға дейін» деген сөздермен ауыстырылсын; 2-тармақта: «Астана қаласының Құрылыс және тұрғын үй саясаты басқармасы» деген сөздер «Нұр-Сұлтан қаласының Тұрғын үй және тұрғын үй саясаты басқармасы» деген сөздермен ауыстырылсын. 2. «Нұр-Сұлтан қаласының Ішкі саясат басқармасы» мемлекеттік мекемесі осы қаулы қабылданған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде оны бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауды қамтамасыз етсін. 3. Осы қаулының орындалуын бақылау Нұр-Сұлтан қаласы әкімінің орынбасары Н.Ж. Нұрқеновке жүктелсін.

Нұр-Сұлтан қаласы әкімінің орынбасары Н. Нұрқенов

ҚҰРМЕТТІ ЕЛОРДА ТҮРГЫНДАРЫ!

Нұр-Сұлтан қаласының мәслихаты «Жергілікті атқарушы органның пәтерлердің, тұрғын емес үй-жайлардың иелері арасында ортақ мүлкіті күтіп-ұстау және сақталуын қамтамасыз ету үшін объектіні басқарудың кондоминиум нысанын таңдау бойынша түсіндіру жұмыстарын жүргізу туралы» тақырыбына жария тыңдаулар өткізу туралы хабарлайды. Жария тыңдаулар 2021 жылғы 16 наурызда сағат 16:00-де мәслихаттың Facebook әлеуметтік желісіндегі аққауында онлайн режимінде өтеді. Байланыс деректері: 55-66-35, maslihat_org@mail.ru.

Е.КАНАЛИМОВ, Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының хатшысы

№28-29 (4153) 13/03/2021 Сенбі

НАУРЫЗ ЖАҒАША ӨТЕДІ

«Астана Опера» театры Ұлыстың ұлы күнін жаңа форматта атап өтеді. Айтулы мереке аясында бекзат өнер ордасы бір ай бойы қайырымдылық шарасын ұйымдастырып, көрерменге сазды әуенге толы бағдарламалар ұсынады.

azamat_79@bk.ru

Азамат ЕСЕНЖОЛ

Мәдениет және спорт министрлігінің қолдауымен театрдың үлкен залында 21, 22 және 23 наурыз күндері

Ұлттық музыкамыздың асыл жауһарына айналған «Қыз Жібек» операсы қойылады. Бұл тұғырлы туындыны талантты дирижер Абзал Мұхитдин мен режиссер Михаил Панджавиде жаңа қырынан көрсетеді. 3D-технологиясының жетістігі арқылы «Қыз Жібек»



халықтық лиро-эпостық поэма-сы жұртшылықтың көз алдында проекцияда көрсетілген керуен көшінің қозғалысы күтпеген жерден сахнада жалғасады. Көздің жауын алар костюмдер, бейнеинсталляциялар, жарық бойынша суретшінің тартымды жұмысы, мінсіз билер, ең бастысы – бәріміз бала күнімізден тыңдап өскен музыка мен солистердің дара дауыстары және оркестрдің үйлесімді үні «Қыз Жібек» қойылымын ұмытылмастай етеді деп сенеміз.

22 наурызда театрда Қазақстанның еңбек сіңірген қай-

раткері Жанат Шыбықбаевтың маңызды дебюті орын алады, ол алғаш рет бас партиялардың бірі – Бекежанның рөлінде сахна төріне шықпақ. Айта кетейік, танымал әнші бұған дейін Базарбайдың бейнесін керемет сомдаған еді.

Сондай-ақ камералық зал сахнасында 22 наурызда сағат 15:00-де «Қош келдің, Наурыз!», 25 наурызда сағат 19:00-де «Наурыз шашу!» атты мазмұнды үйлесімді үні «Қыз Жібек» қойылымын ұмытылмастай етеді деп сенеміз.

karkynkkttem@gmail.com

Көктем ҚАРҚЫН

Олжас Жақыпбек 1991 жылы бұрынғы Алашорданың астанасы, қазіргі Семей өңірінде дүниеге келген. Балалық шағы Алматы облысы Есік қаласында өтті. Кішкентайынан мінезі түйік, бірбеткей болып өскен оны ешкім актер болады деп ойламаған еді. Бірақ тағдыр оның маңдайына 30 жылдық тарихы бар елордадағы Қазақ драма театрының белді актері болуды бұйырыпты.

– Анам өнерге бала күнінен баулып, Абай өлеңдері мен Құран сүрелерін жаттатып өсірді. Айт кезінде жарапанан айтып, бүкіл туыстарды аралап ақша жинайтынмын. 6 жасқа келгенде пианино сатып алдық. Үйдегілер «Бұл саған» деді. Сол кезде соны үйреніп, әрі қарай алып кетемін деп ойламадым. Футболист болуды армандадым. Бірақ актер болсам екен деп ойламаппын. Ағам қолымнан жетектеп өнер академиясына алып барды. Оған дейін мың құбылып, политехқа барамын ба, экономист боламын ба екен деп жүретінмін. Оқуға түскеннен кейін барып мамандығым деген махаббатым ашылды. «Генерал болуды армандамаған солдат – солдат емес» дейді ғой. Менің де арманым – өнер жолында өзіндік қолтаңбамды қалдыру. Еліміздің мәртебесін әлемдік аренада көтеруге үлес қоссам деймін. Шама-шарқым келгенше театрда жүру. Сахнадан әр актердің алатын ерекше сезімдері болады. Сол сезімді соңғы рөлге дейін жоғалтпай алмасам екен. Кейде бір рөлді ойнауды қатты қаласам, ертесі маған дәл сондай кейіпкер бұйырып тұрады. «Федраны» қояр алдында хореографпен жұмыс істегім келіп жүрді. Бір қарасам, сахнада өзім қалағандай хореографпен дайындалып жатырмын. Актер ретінде сөзсіз, қимыл-әрекетке құрылған пластикалық театрды көрерменге алып келгім келеді. Бұйырса, алдағы уақытта осы бағытта жұмыс істеймін. Биыл бізге жаңа театр, жаңа сахна беріліп жатыр. Бұл да үлкен мүмкіндік деп ойлаймын, – дейді тәуелсіздік құрдасы.

ӘР РӨЛМЕН ӨСЕСІҢ

Өмірде мамандық таңдау мен жар таңдаудан қателеспеу керек деп жатады ғой. Олжас Жақыпбек таңдаған мамандығына жанымен берілген. «Көп адам жұмыстан тез шаршап, еңбек демалысына шықсам екен деп асығады. Ал менде бәрі керісінше. Еңбек демалысына шыққым келмейді. Тыныштық ұнамайды. Күнделікті тіршілік тоқтамай жалғаса берсе екен деп ойлаймын» деп ағынан жарылды жас актер. Ол өмірлік жарын «Мұздағы жалын» телехикаясына түскенде кездестірді. Мұз үстінде жасаған таңдауынан да қателеспегеніне сенімді. Театрда бір рөлдің өзі адамды өзгертеді. Сондайтын кейіпкерінің өмірге деген пәлсапасын, көзқарасын зерттей келе, өртіс те мың өзгеріске ұшырайды. Мұны көпшілік актерге бір жындылық керек деп айтып жатады. Актер ретінде көрермен көңілінен шығуың қажет болса өзгеруі тиіс. Театрдағы 8 жыл ішінде Олжас Жақыпбектің ішкі жан дүниесі ғана өзгермей, қатып қалған шектеулері де жойылыпты. «Актер болу үшін талант та, талап та керек. Талантсыз адам болмайды. Әр адамның ішінде бұғып жатқан әйтеуір бір ұшқын бар. Бойыңда кішкентай да болсын талант болса, оны жетілдіруге болады. Актер бойыңда не нәрсе жетіспесе, сонымен жұмыс істеу керек. Адам ұша алғанынша еңбек етуі тиіс» деді ол.

Қалибек Қуанышбаев театрының жас маманы, кино және дубляж актері, композитор, «Серпер» жастар одағы сыйлығының лауреаты Олжас Жақыпбек – тәуелсіздіктің төл құрдасы. Ол көбіне басты рөлдерді сомдайды. «Ләйлі-Мәжнүндегі» – Мәжнүн, «Абайдағы» – Айдар, Қорғансыздың күніндегі – Түнек, «Федрадағы» Ипполит...

ӨМІРІНІҢ МӘНІ – ӨНЕР



ҚАЗАҚША ДУБЛЯЖ НЕГЕ БАҒАЛАНБАЙДЫ?

«Мұзды өлке», «Арыстан патша», «Коконның құпиясы», «Валериян және мың ғаламшар шаһары» мультфильмдері мен түрліктің сериалдарынан Олжас Жақыпбектің дауысын жиі естиміз. Актер кейде бір емес, үш сериалды қатар дыбыстап үлгермей жатады. Дубляжда барынша синхронды ауызба-ауыз келтіріп, жылса жылап, сапалы туынды шығару керек. Кей сериалдарда қатарынан 7-8 адамды дыбыстайды.

– Елімізде дубляж жақсы дамып келеді, бірақ бәсеке жоқ. Мысалы, «Жетінші арна» бірнеше жыл бұрын «Көсем» киносын дыбыстап қойды. Екі жылдан кейін ұлттық арна алады да, тура сол сериалды қайта дыбыстады. Құр босқа мемлекеттің ақшасын шашқанда, жаңа туынды дыбысталу керек еді. Осы жағы министрлік жағынан қадағаланады. Бір өтпеген-ай дейтіні, «Коконның құпиясын» алсақ та, «Ральфты» алсақ та, аударылған 30-ға жуық фильмге халық жағынан қолдау жоқ. Бір киноны дыбыстауға бір ай кетеді. Бұл – бәсекелестіктің жоқтығынан. Ресейде шыққан кино сол сәтте-ақ аударылып, дыбысталып жатады. Онда қаншама цех пен студия бар. Ал біздің елде бір ғана цех. Мен «Арыстан патшаның» орысшасына да, қазақшасына да қайталап, бірнеше реттен барып тамашаладым. Сонда біздің дубляж артық болмаса, кем емес. Бірақ көрермен қазақша киноны көруге бармайды. Кассада отырған қазақтың қарағаз қыздары да еш жарнама жасамайды, насихаттамайды. Тіліміздің күші кетіп бара жатыр. Біз тіл құри қоймаған жерде жұрмыз, сондықтан қатты біліңбес. Ал басқа саланың адамдары киноның қазақша дыбысталатынын да білмейді. Отырыстарда «Әй, айналайындар, біраз жан-жақтырақ қарасандаршы. Тіліміз құрып кеткен жоқ қой» деймін. Дубляж жақсы дамып келеді. Тек халықтан қолдау керек, – дейді Олжас Жақыпбек.

СҮЙКІМІНДІ КЕТПІМЕ

Өнер айдынының кез келген саласында өзіндік қолтаңбасы бар тұлғаны «өртсі» десек, сол атқа Олжас Жақыпбек өбден лайықты. Себебі ол – театр мен дубляжда актер ғана емес, композиторлықты жанына серік еткен керемет музыкант. Оның әндері қазақ эстрадасында өз тыңдармандарын тапқан.

– Мен театрға да, музыкаға да хобби ретінде, өмірім деп қараймын. Сол нәрсе болмаса, өмірдің мәні жоқ сияқты көрініп тұрады. Ыңылдап жүрген әуендерін жазып алсаңыз, актердің бәрі – композитор. Мысалы, мен фортепианода бірнеше сағаттап ойнап отырып, арасында әдемі әуен шықса, соны фантазиямен өрбітіп кетемін. Кейде маған басқалар әдемі әңгіме, әдемі кино жайлы айтып беріп жатса, сол күймен менің ішімде әдемі музыка ойнап отырады. Соны диктофонға ыңылдап жазып алып, үйге барғаннан кейін сол қалпында аспапқа түсіруге тырысамын. Кейде спектакльдің ең артына отырып, көзімді жұмып, сол атмосферада музыка тудырамын, – дейді ол.

Олжас Жақыпбек кез келген киноға да түсе бермейді. Халықтың алдындағы сүйкімді кетіріп алмау керек деп санайды. «Актер ой адамы болады» дейді француздар. Біз бүгін тәуелсіздікпен қатар өрбіген жас таланттың ойына тоқталдық. Орда бұзар отыз жасында халықтың сүйкімсіне айналған абзал жанға ақжол тілейміз.

«КІТАР_КАЛА» АРНАСЫ АШЫЛДЫ

Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің «Орталықтандырылған кітапханалар жүйесі» өзінің оқырмандары мен ізденімпаз аудиториясына «Kitar_kala» радиоарнасын іске қосты.

Студия көру қабілеті төмен азаматтарға арналған арнайы кітапханада орналасқан. Радиоканалды ашудағы мақсат – қала тұрғындары мен оқырмандарға кітапхана серелеріндегі рухани байлықты насихаттай отырып, өскелең ұрпақты өнеге мен білімге, патриоттыққа, ізгілік пен бауырмалдыққа баулитын баға жетпес құнды мұралардан үзінділер ұсыну.

– Бүгін – орталықтандырылған кітапханалар үшін қуанышты күн.

Қала тұрғындары мен оқырмандарымызды жақсы бір жаңалықпен қуандыру сәті түсіп, арнайы кітапханада өз радионың ашып жатырмыз. Мұнда кітапхананың тыныс-тіршілігі таныстырылып, зиялы қауым өкілдерімен сұхбаттар берілетін болады. Барлығымыз бірігіп кітапханалардың дамуына үлесімді қосамыз деп ойлаймын, – дейді Орталықтандырылған кітапханалар жүйесінің директоры Гүлбадан Мәдібаева.



ЖЫЛЫ ШУАҚҚА ТОЛЫ КӨРМЕ

Ұлттық музейде Наурыз мерекесіне орай «Көктем симфониясы» атты тақырыпта елордадағы ерекше балалардың өздері жасаған ұлттық кәдесыйлар, кескіндеме және қолөнер бұйымдарының көрмесі ашылды.

Оған бас қаладағы №1 арнайы мектеп-интернаты және «Шарапат» әлеуметтік қызмет көрсету орталығының арнайы білім беруді қажет ететін балалары мен «Үнсіз әлем – Безмолвный мир» есту қабілеті төмен жандарды қолдау қоғамдық қорының ұлттық кәдесыйларды жасайтын шеберлерінің қолынан шыққан бұйымдары ұсынылды. Көрмеге келушілер Бекасыл Тұрсынханнның «Домбыра», «Көктем әуендері», Серікқали Тұмашовтың «Көктем келді», Алан Оразбаевтың «Көктемгі гүл шоғы» атты кескіндемелік туындыларын тамашалады. Сонымен бірге «ALASHSTAR» XIII халықаралық бейнелеу өнері байқауының және басқа да көптеген

сайыстардың жеңімпазы Жасмина Айгузованың ұсақ моншақтар және әдемі тастармен өрнектеп салған «Домбыра», «Наурыз», «Шоқ гүл», «Қызғалдақ», «Көбелек», «Роза» атты әсем картиналары жұртшылықтың қызығушылығын туғызды.

– Симфония дегеніміз – бүкіл дыбыстардың бірігуі. Осы тұрғыда біз ерекше әрі дарынды балалардың өздері жасаған бұйымдары арқылы баршаға көктемнің жылы шуағын таратқымыз келді. Біз әрдайым ерекше балалардың бейнелеу және қолөнер бұйымдарын көпшілікке кеңінен насихаттау арқылы оларға қоғамдық қолдау көрсетеміз, – дейді Ұлттық музейдің ғылыми қызметкері Зухра Баянова.



www.astana-akshamy.kz

Редакция қолжазба иелерінің пікірлері мен көзқарасын бөлісуі шарт емес.



Газет ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде 23.05.2018 ж. тіркеліп, №17120-Г куәлігі берілген. Меншік иесі: «Elorda Aqparat» ЖШС

Директор – Ержан ЖҮНІСОВ

Бас редактор – Еркін ҚЫДЫР

Бас редактордың орынбасары – Ғалым ҚОЖАБЕКОВ

Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.

Газет сейсенбі, бейсенбі және сенбі күндері шығады.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.

Газет «ASTANA AQSHAMY» газеті редакциясының компьютерлік орталығында теріліп, қатталды.

Апталық таралымы – 15 000

Тапсырыс №28-29

Баспахана: Нұр-Сұлтан қаласы, Сілеті көшесі, 30. «Медиа-холдинг «ERNU» ЖШС

Редакция мекенжайы: 010000, Нұр-Сұлтан қаласы, Достық көшесі, 13, «Нұрса-2» ТК astana.aqsham@gmail.com

Қабылдау бөлмесі: тел./факс: +7 (7172) 703-212 Тілшілер бөлімі: 70-32-14, 70-32-17 Үйлестіруші: 70-33-05 Жарнама: 70-33-06

astana.akshamy@mail.ru

Кезекші редактор – Азамат ЕСЕНЖОЛ